Қасақананың интеллектуалдық сәтінің қажетті белгілерінің бірі болып табылатын жасалған іс-әрекеттің қоғамға қауіпті сипатын сезінуі оның тек шынайы сипатын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік саяси маңызын түсінуді де білдіреді. Және ескертетін жәйт, қасақана кезінде кінәлі жалпы қоғамдық қауіптілікті емес, ерекше, әр қашуға тән қоғамдық қауіпті дәрежесін сезінеді.

Адам, егер ол өз еркіне қайшы, қандай да бір сыртқы жағдайлардың ықпалымен әрекет етсе (тойтарылмайтын күш, күштеп мәжбүрлеу), қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды, себебі бұл іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайларға жатады. Қылмыстық-құқықтық мағынада адамның еріксіз сипат алатын рефлекстік дене қимылы; адамның ырқына тәуелсіз туа қалған инстинкті қимылдар; кенеттен пайда болған күшті қозу нәтижесі болып табылатын импульсивтік қимылдар, себебі олар адамның санасының бақылауына берілмейді .

Жоғарыда аталған сәттердің әр түрлі қиылысуы кінәнің әр түрлі нысанын құрайды. Кінәнің нысанын құқықтық ұғым ретінде заң шығарушы оның екі нысанының: қасақана (ҚК 20 б.) және абайсыздық (ҚК 21 б.) мазмұнын ашып анықтайды. Олар өзара адам жасаған әрекеттің сипатын сезіну және зиянды зардапты болжау дәрежесіне тәуелді, кінәлі еркінің мазмұны мен бағытын ескере отырып, ажыратылады.

Сотталған адам, егер оның еркінен тыс бас бостандығынан айыру орнынан, қамақтан немесе күзеттен кетіп қалса, онда ол қылмыстық жауапқа тартылмайды (мысалға, адам түзеу колониясынан кепіл ретінде алып шығарылды). Егер сотталған адам сабау ықпалымен қашу жасаса, онда бұл мән-жай оның қылмыстық жауаптылығын жоймайды. Күш қолдану мұндай жағдайда жауаптылықты жеңілдететін мән-жай болып есептеледі. Бұл мәселе жөнінде ҚР ҚК-не түсінік жазған авторлардың бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен басқа қатысушылардың мәжбүрлеуімен кетіп қалса қылмыстық жауапқа тартылмайды, деген тұжырымымен [6, 315 б.], біздің ойымызша, бірден келісе кету қиын. Себебі, нақты жағдайда мәжбүрлеудің түрі: күштеп пе, әлде психикалық па анықталуы

маңызды. ҚР ҚК 37 б. 2-бөліміне сай, қылмыстық іс-әрекетті психикалық мәжбүрлеу (қорқыту) ықпалымен жасаса, егер адам өзінің іс-әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтап қалса, онда жауаптылық туралы мәселе аса қажеттілік ережелері ескеріле отырып шешіледі [3]. Адам қашуды аса қажеттілік жағдайында жасаса қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Сөйтіп, қашу жасаған кезде әрекеттің еріктік сипаты мынада байқалады, онда адамның бас бостандығынан айыру орнынан, қамақтан немесе күзеттен қашу жасауға шешімі өзінің объективтік көрінісін табады.

Бас бостандығынан айыру орнынан, қамақтан немесе күзеттен қашудың субъективтік жағы тікелей қасақаналық нысанымен сипатталады. Бұл мынаны білдіреді, кінәлі қашқан кезде оған қамау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылғанын немесе ол қылмыс жасағаны үшін сезікті ретінде ұсталғанын немесе бас бостандығынан айыруға не қамаққа алуға сотталғанын сезінеді. Оның санасымен сондай-ақ ол осы орынды өз бетімен қалдырып жатқаны және осы әрекеттерді жасай отырып, ол қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жатқаны қамтылады және соны тілейді [7, 37 б.].

Қашу құрамында кінәнің ұғымында тікелей қасақаналықтың келесі өзіне тән белгілері көрсетілген:

1. Адамның өзінің мінез-құлқының құқыққа қайшылығын және қоғамға қауіптілігін сезінуі (бас бостандығынан айыру, тұтқындау немесе қамау орнын заңсыз қалдыруы және қылмыстық жауаптылықтан әрі қарай жалтаруы);

2. Осы әрекеттерді жасау ынтасы және қылмыстық ойына жетуі.

Айталық, сотталған адамның түзеу мекемесін өрт немесе өзге де табиғи зілзала жағдайы кезінде қалдыруы сотталғанның қасақанасының мазмұны мен бағытына байланысты қоғамдық нәубет жағдайын пайдаланып бас бостандығынан айыру орнынан қашу ретінде сараланауы мүмкін, не болмаса мәжбүрлік қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекет деп бағаланады.

Қашу жасаған адам өз әрекеттерінің құқыққа қайшылығын сезінеді, оқшауда ұсталып отырған, ол жерде өзін мекеме қызметкерлерімен немесе қарулы күзетпен бақылау және қадағалау жүргізіліп жатқан орынды қалдырудың заңсыз сипатын түсінеді.

Қашу кезінде кінә тек тікелей қасқаналықпен ғана сипатталады, себебі адамның еркі мұндай жағдайда бас бостандығынан айыру, қамақ немесе күзету орнын заңсыз қалдыруға тікелей бағытталған.

ҚР Қылмыстық кодексі тікелей және жанама қасақаналық ұғымдарының анықтамасын ғана белгілейді. Дегенмен қылмыстық құқық теориясы және сот-тергеу практикасы қасақананың сондай-ақ басқа да түрлерін ажыратады: алдын ала ойластырылған және кенеттен пайда болған; анықталған (нақтыланған) және анықталмаған (нақтыланбаған). Қасақананы аталған түрлерге бөлу субъектінің психикалық қатынасын дәлірек жеке-даралауға және қылмыс жасаған адамның жауаптылығы мен жазасын жеке-даралауға мүмкіндік береді.

Алдын ала ойластырылған қасақаналықтың ерекшелігі оның пайда болуы қашудың өзін жасаудың белгілі бір уақыт аралығымен ажыратылады. Бұл уақыт ішінде адам оны жасауға шешім бекіте түседі, өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру жоспарын ойластырады, оны жасау әдісін белгілейді және т.б. орындайды. Алдын ала ойластырылған қасқаналықтың болуы, әдетте, іс-әрекетті саралауға әсер етпейді.

Белгілі бір дайындық әрекеттерін талап ететін қашудың кейбір түрлері қасақананың тек алдын ала ойластырылған түрімен ғана жасалуы мүмкін (мысалы, алдын ала сөз байласқан топ жасаған қашу – ҚР 426 б. 2 бөл. «1»-тарм.) [3]. Кінәлілер қашу жасау жөнінде өз ойларын іске асырмастан бұрын жиі үлкен дайындық жұмыстарын жасайды: күзет жүйесін бақылайды, сыбайластарын іздестіреді, әрекеттер жоспарын жасайды, жер қазады, азық-түлік, киім-кешек дайындайды, жалған құжаттар жасайды және т.б.

Кенеттен пайда болған қасақаналық субъектінің қашу жасау ойының кенеттен пайда болуымен және тез арада не шамалы уақыт өткен соң орындалуымен сипатталады. Көбінесе

мұндай қасақаналықтың пайда болуы қашу жасауға ықпал ететін сыртқы жағдайлармен байланысты болады. Жиі бұл сотталғандарды күзететін адамдардың өздеріне жүктелген міндеттерді мардымсыз орындауы, олардың сотталғандарды күзетудің тәртібін реттейтін тиісті ережелер мен нұсқауларды бұзуы және т.б.

Қашудың және оны жасаған адамның қоғамға қауіптілігінің дәрежесін анықтау үшін қасақананың қарастырылып отырған түрлерінің белгілі бір маңызы бар. Алдын ала ойластырылған қасақаналық ой әдетте субъектінің қылмыстық бейімінің тұрақтылығын дәлелдейді. Алдын ала ойластырылған қасақаналық кезінде кінәлі жетік, мұқият дайындалуды талап ететін әрекеттерді таңдай отырып, қашу жасау әдісін өте мұқият ойластырады.

Алдын ала ойластырылған да, кенеттен пайда болған да қасақаналық қашудың сарапануын өзгертпейді. Алайда оларды айқындаудың осы қылмысты жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау, сотталғандарды күзету және ұстауда кемшіліктерді жою, алдын алу шараларының тиімділігін арттыру, сондай-ақ кінәлілердің жауаптылығын және жазасын жеке-даралау үшін зор маңызы бар.

Кінәлі өзінің жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардабын қаншалықты нақты болжайтынына байланысты, қылмыстық құқық теориясында қасақаналық ой анықталған (нақтыланған) және анықталмаған (нақтыланбаған) болып бөлінеді.

Анықталған (нақтыланған) қасақаналық кінәлінің іс-әрекетпен келтірілетін зиянның нақты-анықталған сипаты мен көлемін болжауымен сипатталады, мысалы, жер қазу кезінде, қоршауды бүлдіргенде және т.б. Қасақананың бұл түрі, егер субъект тек бір ғана белгілі бір қылмыстық нәтиже келтіруді ойластырса жәй болуы мүмкін, ал егер кінәлі өз іс-әрекеті нәтижесінде бірнеше болжалған жеке-белгіленген қылмыстық зардаптардың ішінен тек біреуін ғана келтіру мүмкіндігіне жол берсе қосалқы болады.

Анықталмаған (нақтыланбаған) қасақаналық ой былай сипатталады, туған қылмыстық зардапты кінәлі болжаса да, бірақ оны болжауда залалдың мөлшері нақтыланбаған.

Сот-тергеу тәжірибесінде күш қолданумен ұштасқан, қаруды пайдаланып немесе қоғамға қауіпті зардап туғыза алатын өзге де әдістермен қашу жасаған кезде, кінәлінің қасақаналық ойымен қамтылған зардаптардан басқа, неғұрлым ауыр, бірақ осы адамның қасақаналық ойымен қамтылмаған зардаптар туатындай жағдайлар кездеседі.

Объективті кінәләуді жоққа шығаратын отандық қылмыстық құқығының қағидасынан шыға отырып, осындай зардаптар үшін жауаптылық адамда осы зардаптарға қатысты кінәнің абайсыздық нысаны болған жағдайда жүктеледі.

Заң әдебиетінде жалпы қабылданған ереже бойынша әр адамның іс-әрекеті ниеті және мақсатқа байланысты жасалады. Демек, қашу да, адамның әр еріктік мінез-қылығы сияқты, белгілі бір ниетпен жасалады (ниет – бір нәрсеге бейіл, ықылас білдіруде алдын ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек) және белгілі бір мақсатқа жету үшін бағытталады (мақсат – белгілі бір нысанға жету жолында қойылған міндет).

Қорытындылай келе, қашуды кінәнің қасақаналық нысанымен жасалды деп тек субъектінің оның құқыққа қайшылығын сезінген кезде ғана тануға болады.

Қашудың құқыққа қайшылығын сезінудің болуын арнайы анықтаудың қажеттілігі практикада айтарлықтай сирек кездеседі, себебі көп жағдайларда кінәлінің оны сезінуі анық көрінеді.

Бас бостандығынан айыру, қамақтан немесе күзету орнын қалдырудың құқыққа қайшы сипатын сезінбеуі қылмыс жасауға қасақана ойының болмағандығын дәлелдейді.

Қашу құрамына қатысты алсақ, оны жасау ниеті осы қылмыс құрамының субъективтік жағының шегінен тыс жатыр, демек оны саралауға әсер етпейді, тек жазаны жеке-даралауға жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар ретінде ғана ескеріледі.

Бас бостандығынан айыру немесе қамаудан қашу қасақана жасалған қылмыстарға жатады. Осы қылмысты жасай отырып, кінәлі адам қамауда ұстау орнын, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыруды өтеу орнын қалдырып, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасайтынын түсінеді. Бұл қылмысты жасаған кезде интеллектуалдық ниеттің болуы – кінәлінің өзі

жасаған қашудың әлеуметтік қауіпті сипатын жасауы – әдетте болжанады, өйткені оны анықтау қиын.

Негізінен қарастырылған қылмыс алдын-ала ойластырылған ниетпен жасалады (шамамен 79 пайыз), бірақ кейде кенеттен пайда болған ниетпен жасалуы мүмкін. Бұл көбінесе қызметкерлердің бас бостандығынан айыру орындарын немесе кінәлі алдын-ала қамауда отырған мекемелердің оларға жүктелген міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты болады [8, 227 б.].

Бұл қылмыстың мақсаты – белгілі бір нәтижеге қол жеткізу – жазаны өтеу орнынан кету немесе алдын-ала қамаудан бас тарту, яғни объектінің ерекшелігімен айқындалады [9, 743 б.]. Жазаны өтеу орнынан кетуге немесе алдын ала қамау орнынан тыс жерде бас тартуға деген ұмтылыс кінәлінің іс-әрекетінің сипатын растайды. Бұл практикалық органдар үшін кінәні ниет түрінде растау үшін жеткілікті.

Мақсат та субъективті жағының міндетті белгілері емес, сондықтан ол қылмыстың сараланuына әсер етпейді. Алайда, әрбір нақты іс бойынша осы қылмыстың жасалу себебін анықтау міндетті, өйткені бұл жазаның мөлшеріне әсер етуі мүмкін (қарастырылып отырған қылмыс түрі үшін жазаның бір түрі ғана қарастырылған – бас бостандығынан айыру). Сонымен қатар, қашу себебін дұрыс анықтау болашақта алдын-алу шараларын жоспарлау мен өткізуде қылмыстың алдын-алу ісінде үлкен рөл атқаруы мүмкін.

***Пайдаланылған дереккөздер тізімі***

1.Дагель П.С., Котов Ф.П. Субъективная сторона преступления и ее установление. – Воронеж, 1974. – 243 с.

2.Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім): оқулық. – Алматы, 2009. – 447 б.

3. ҚазақстанРеспубликасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі№ 226-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс] - URL:https://adilet.zan.kz/kaz/ (қаралған күні: 08.02.2022).

4.Ворошилин Е.В., Кригер Г.А. Субъективная сторона преступления. – М.: Изд-во МГУ, 1987. – 75 с.

5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Жалпы бөлім: оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 276б.

6. Мами К.А. Комментарий к ст. 358 // Комментарий к УК РК / Под ред. И.И.Рогова, С.М.Рахметова. – Алматы, 1999. – 447с.

7. Рарог, А.И. Общая теория вины в уголовном праве: Учеб. пособие. – М.: ВЮЗИ, 1980. – 91 с.

8. Рахметов, С. М._Преступление против правосудия. Монография. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 80с.

9. Борчашвили И. Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлім. 3-том. – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. – 924 б.

## Автор туралы мәліметтер:

*Байсұлтанов Алтай Бисенұлы* – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе Заң институтының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі.

*Байсултанов Алтай Бисенович* – начальник Актюбинского Юридического института имени М. Букенбаева МВД Республики Казахстан, кандидат юридических наук, полковник полиции.

*Baisultanov Altay B.*– candidate's (Ph.D.) degree in jurisprudence, Police Colonel, Head of the Aktobe Law Institute named after M. Bukenbayev of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan.

УДК 343.9
МРНТИ 10.81.31

**Р.Е. Джансараева[1], С.Б. Дүзбаева[1], А.Ж. Жақыш[1]**

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ұсынылған мақала тұрмыстық зорлық-зомбылықтың криминологиялық сипаттамасына және оның проблемалық мәселелеріне арналған. Зерттеу барысында авторлар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері мен себептеріне назар аударды. Мақалада осы құқық бұзушылықтың статистикасы мен Қазақстан Республикасында таралуы деңгейі көрсетілген. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы қылмыстардың құрбандары деп танылған әйелдер мен балаларға қатысты пайыздық көрсеткіштер анықталды. Қоғам үшін әлеуметтік жағымсыз құбылыстар болып табылатын мемлекет аумағындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ең көп таралған түрлеріне сипаттама берілді. Мақаланың қорытындысында авторлық құрам тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында қылмыс құрбандарының құқық қорғау органдарына жүгінбеу себептеріне және де мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын алдын алу шараларының өзекті мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен жаңа пікірлер қаралды.

**Түйінді сөздер:** тұрмыстық зорлық-зомбылық, криминология, профилактика, алдын алу шаралары, әйелдер мен балалар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары.

---

## Криминологическая характеристика и проблемы уголовных правонарушений в сфере бытового насилия

Предлагаемая статья посвящена криминологической характеристике бытового насилия и его проблемным вопросам. В ходе исследования авторы акцентировали внимание на проблемах предупреждения и причинах бытового насилия. В статье отражена статистика и уровень распространенности данного правонарушения в Республике Казахстан. Также определены процентные показатели в отношении женщин и детей, которые признаны жертвами преступлений в сфере бытового насилия. Дана характеристика наиболее распространенным формам бытового насилия на территории государства, являющихся социально негативными явлениями для общества. В заключении статьи авторский состав остановился на причинах, по которым в случае бытового насилия жертвы преступлений не обращаются в правоохранительные органы, а также на актуальных вопросах профилактических мер, осуществляемых со стороны государства. Также были рассмотрены предложения и новые мнения по совершенствованию мер профилактики бытового насилия.

**Ключевые слова:** бытовое насилие, криминология, профилактика, профилактические меры, женщины и дети, жертвы бытового насилия.

---

## Criminological characteristics and problems of criminal offenses in the field of domestic violence

The proposed article is devoted to the criminological characteristics of domestic violence and its problematic issues. In the course of the study, the authors focused on the problems of prevention and the causes of domestic violence. The article reflects the statistics and the level of prevalence of this offense in the Republic of Kazakhstan. The percentages of women and children who are recognized as victims of crimes in the field of domestic violence are also determined. The characteristic of the most common forms of domestic violence in the territory of the state, which are socially negative phenomena for society, is given. In the conclusion of the article, the authors focused on the reasons why, in the case of domestic violence, victims of

crimes do not apply to law enforcement agencies, as well as on topical issues of preventive measures implemented by the state. Proposals and new opinions on improving measures to prevent domestic violence were also considered.

**Keywords:** domestic violence, criminology, prevention, preventive measures, women and children, victims of domestic violence.

Қоғамдық қатынастардың қазіргі жағдайдағы даму үдерісінде адамдардың негізгі жеке құқықтары мен әлеуметтік игіліктерінің жүйесі берік орныққанын атап өткен жөн. Бұл жүйедегі ең маңызды элемент дамыған демократиялық мемлекеттердің негізгі заңдарында көрініс табатын жеке бас бостандығы мен қол сұғылмаушылық құқығы болып табылады. Аталған құқықтарды қамтамасыз ету мемлекеттің және қоғамдық қатынастарға өзге де қатысушылардың оларды сақтау жөніндегі міндеттерін білдіреді.

Жеке бас бостандығы мен қол сұғылмаушылықты бұзудың ең күрделі және кең таралған қауіптерінің бірі – тұрмыстық зорлық – зомбылық. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық – зомбылықтың республика аумағы бойынша жалпы көрсеткіштерін келтіруге болады.

Жоғарыда көрсетілген кестеде қылмыстық құқық бұзушылықтың таралу деңгейінің төмендеуі айқын байқалады. Алайда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын

алдыңғы орынға қойған мемлекет үшін орын алған тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстарының саны жоғары көрсеткішке ие.

Бұл жағымсыз әлеуметтік құбылыстың қоғамдағы күрделілігі мен кең таралуы – ұзақ уақыт бойы тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыс ретінде емес, тұрмыстық қатынастарда орын алуы ықтималдығы жоғары жағымсыз құбылыс ретінде қарастырылғандығында болуы мүмкін.

Әлемдік қоғамдастық тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы жағдайдың ушығу проблемасына жақында ғана назар аударды. Еуропа Кеңесі 2011 жылы тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы Стамбул Конвенциясын қабылдады және ол тек 2014 жылы күшіне енді. Бұл өз кезегінде интеграция процестерінің баяулауына және көптеген мемлекеттердің заң шығарушыларының халықаралық деңгейде жасалған іргелі принциптерді қабылдауына алып келді [1]. Алайда, бұл саладағы халықаралық тәжірибе өте белсенді дамып келе жатқанын

атап өткен жөн, өйткені, ол отбасылық – тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан қорғау стандартын белгілейді.

Отбасы қатынасындағы тұрмыстық зорлық – зомбылық қылмыстары латенттіліктің жоғары дәрежесімен сипатталатыны белгілі. Көбінесе осы қылмыстардың құрбандары құқық қорғау органдарына жүгінбейді және болған жағдай туралы мәлімдемейді. Отбасындағы мұндай келеңсіз жағдайлар бойынша құқық қорғау органдарына жүгінуді қаламаудың төмендегідей себептерін атап өтуге болады:

−қабылданған шаралардың тиімсіздігі;

−жанжал жағдайын көпшілік назарына ұсынғысы келмеуі;

−жанжалды дербес шешу мүмкіндігі туралы менмендік;

−зорлық – зомбылық субъектісінің кек алу қорқынышы;

−кінәлі түзеледі деген сенімнің болуы;

−келтірілген залалдың немесе зиянның елеусіз болуы;

−отбасына сену және оның жойылуын қаламау.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстарының сандық көрсеткіштері мен динамикасын анықтау үшін біз Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректеріне жүгінеміз. Аталған деректерге сәйкес, 18 – 75 жастағы, серіктесі болған немесе болып танылатын әйелдер арасында 17% – ы қандай да бір физикалық және сексуалдық зорлық -зомбылыққа ұшыраған. Жалпы, серіктес тарапынан зорлық-зомбылықтың таралуының Қазақстан Республикасы бойынша өңірлік көрсеткіш деңгейі ұдайы өзгеріске ие. Мұндай қылмыстардың таралу басымдығы Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, ал ең төменгісі Қызылорда және Жамбыл облыстарында байқалады. Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге көбінде физикалық тұрғыдан әртүрлі деңгейдегі дене жарақаттары сипатында зардап келтірілген. Сондай – ақ , комитетпен ұсынылып отырылған мәліметтерге сәйкес серіктесі болған немесе болып танылатын әйелдердің 57% – ы соңғы 12 айда жиі зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың психологиялық және экономикалық түрлерінің таралуына да статистикалық талдау жасалынған. Республика аумағында соңғы жылда 18 – 75 жас аралығындағы әйелдердің 21% –ы психологиялық зорлық-зомбылық, ал 7%-ы экономикалық зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбанына айналған. Психологиялық зорлық-зомбылық серіктес тарапынан тұрмыстық зорлық – зомбылықтың созылмалы түрі болып табылады. Көбінесе, әйелдер оны көптеген жылдарға психологиялық із қалдыратын ең ауыр қорлау деп сипаттайды [2]. Осы тұста, отбасындағы тұрмыстық зорлық – зомбылықтың құрбаны болып танылатын балаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар саны соңғы жылда 825-ке жеткенін атап өту қажет. Олардың 699-ын отбасы мүшесі болып табылатын жақын адамдар жасаған, бұл жалпы көрсеткіштің 81%- ын құрайды. 10%- ы әкелер мен өгей әкелерге тиесілі.

Отбасы қатынастарындағы қақтығыстардың себептері туралы айта отырып, олардың әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Кейде қызғаныш сияқты сезім адамдарды кез – келген құқыққа қайшы әрекеттерді жасауға мәжбүр етеді. Егер, бұл алкогольді немесе есірткіні қолданумен шиеленіссе, қызғаныштың немесе өз өміріне наразылықтың салдары отбасылық қатынастарға қатысушылар үшін ең ауыр зардап туындатыны сөзсіз[3].

Отбасындағы зорлық-зомбылық әлеуметтік проблема екені анық және оны шешуге көбінесе қоғамдық-құқықтық жолмен қол жеткізуге болады. Бұл проблеманың таралуы мен зардаптарының ауырлығы – қазіргі қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдауға болмайтындығына дәлел. Оның алдын алуға бағытталған шаралар шешуші, әрі таңдаулы болуы керек. Тиісінше, заң шығару және құқық қолдану қызметі аясында аталған қылмыстың профилактикасына бағытталған мәселер тізбегі едәуір кең болмақ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстарының арасында латенттіліктің жоғары дәрежесі денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу сипатында көрініс табады. Егер, бірінші қол сұғушылық жеке айыптаудың қылмыстық істерінің санатына жатса, заң

шығарушы екіншісіне қатысты қылмыстық сипаттан арылту және оны әкімшілік құқық бұзушылық санатына ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Криминологиялық әдебиетте отбасылық-тұрмыстық қылмыстың себеп – салдарлық кешені жеткілікті деңгейде қарастырылған. Онда, қылмыстардың барлық себептері психологиялық, психиатриялық және криминогендік негіздері бойынша үш топқа бөлініп, талданған. Ал, аталған қылмыстың алдын алу тетігін және оған қарсы тұру құралдарын әзірлеудің негізі ретінде, бұл құбылысты зерттеудің кешенді тәсілін қолдану тиімділігі сипатталған. Осыған орай, отбасылық-тұрмыстық салада зорлық – зомбылықтың жыныстық, психикалық, физикалық, экономикалық нысандарын бөліп көрсету орынды болып есептелінеді.

Қазіргі уақытта кең таралған отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстары заңды емес моральдық тұрғыдан қарастырылады деген пікірмен дауласу қиын [4]. Көптеген жәбірленушілер отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде басшылыққа алатын негізгі себеп – жақындарын қылмыстық қудалау салдарынан қорғауға деген ұмтылыс. Көбінесе, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жүгіну кінәліге қатысты жазалау шараларының тағайындалуына емес, оны қорқыту мақсатында жасалады. Себебі бұл отбасындағы әл-ауқат деңгейінің төмендеуіне әсер етуі мүмкін. Құқық қорғау тетігі, егер жәбірленуші отбасылық қатынастарды нақты бұзуға дайын болса немесе жасалған әрекеттің салдары оны жеке айыптаудың қылмыстық істеріне жатқызуға мүмкіндік бермесе ғана іске қосылады.

Эмпирикалық және теориялық материалдарды талдау отбасылық зорлық-зомбылықтың таралуына байланысты кейбір мәселелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

–қазіргі қоғамның алкоголизмі және наркозитациясы;

–қоғамдағы отбасылық құндылықтарға қатысты моральдық көзқарастардың жеткіліксіз деңгейі;

–әйелдер тарапынан балаларға қатысты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткішінің өсуі;

–отбасыларда тұрақты табыс көзінің болмауына байланысты материалдық проблемалар;

–кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар санының өсуі;

–жасалған қылмыстардың латенттілігінің жоғары деңгейі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқыққа қарсы көріністерінің алдын алуға және профилактикасына бағытталған арнайы шаралардың ішінде мыналарды атап өту қажет:

–отбасындағы адамдардың мінез-құлқындағы әлеуметтік және мәдени ұстанымдарды қалыптастыруға, халықтың әртүрлі санаттарының өкілдері арасында отбасылық құндылықтарды насихаттауды жүргізуге бағытталған шаралар кешені;

–психологтарды, денсаулық сақтау және құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта отырып, отбасылық-тұрмыстық жанжалдарды шешу мүмкіндіктерін түсіндіру бойынша ағартушылық қызмет, тиісті саладағы заңнама туралы көрнекі үгіт тарату, отбасылық – тұрмыстық негіздегі жанжалдарды шешуде көмек көрсету жөніндегі мамандандырылған орталықтардың жұмысы;

–отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мен профилактикасының арнайы институттарының тиімділігі туралы тұжырымдарды қалыптастыру мақсатында отбасылық – тұрмыстық саладағы қылмыс жағдайының сандық және сапалық көрсеткіштері туралы ақпаратты жалпылау.

Осы зерттеуді қорытындылай келе, қазіргі қоғамдағы отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі оның таралуына ықпал ететін жаңа факторларға толы деген пікірге тоқталуға болады. Қазіргі таңда қоғамда өткір әлеуметтік мәселеге айналған тұрмыстық зорлық – зомбылық қылмыстарына деген көзқарас өзгеру үстінде. Мемлекет, жоғарыдағыдай қоғамдық пікірлердің туындауына сәйкес, қауіпті құбылыстардың алдын алу мақсатында ғылыми негізделген тетіктерді қалыптастыруға міндеттеледі. Мақалада тұрмыстық зорлық - зомбылық қылмыстарының кейбір криминологиялық аспектілеріне сипаттама беріліп,

отбасылық жанжалдарды шешу жөніндегі мәселелердің негізгі бағыттарына біршама ұсыныстар келтірілген. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес шаралары жазаны қатаңдату немесе репрессия жолымен жүзеге аспағаны абзал. Себебі, бірінші кезекте кәмелетке толмаған жасөспірімдер мен балалардың мүдделері ескерілуі қажет.

***Қолданылған дереккөздер тізімі:***

1. Воскобитова М.Р. Подходы Европейского суда по правам человека к рассмотрению дел о домашнем насилии в отношении женщин // Международное правосудие. – 2017. – № 1. – С.85 – 95.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті: ресми сайты. – Алматы, Тәулік ішінде жаңартылады. – URL: https://www.gov.kz/ (жүгіну күні: 26.01.2022 ж.).

3. Севостьянов Р.А., Косыгина Т.А. Криминологические особенности бытового насилия, совершаемого в состоянии алкогольного опьянения, и его культурные детерминанты // Правовая культура. – 2018. – № 3 (34). – С. 32 – 37.

4. Сергун Е.П. Семейно-бытовая преступность как криминологическая и нравственно-культурная категория // Правовая культура. – 2016. – № 4 (27). – С. 32 – 39.

## Авторлар туралы мәліметтер

*Джансараева Р.Е.* – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор.
*Дүзбаева С.Б.* – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы доцентінің м.а., PhD докторы,
*Жақыш А.Ж.* – әл-Фараби атындағы. ҚазҰУ-нің заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.

*Джансараева Р.Е.* – заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби, д.ю.н., профессор.
*Дүзбаева С.Б.* – и.о. доцента кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, доктор PhD.
*Жақыш А.Ж.* – преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби, м.ю.н.

*Dzhansaraeva R.E.* – Head of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Faculty of Law of Al–Farabi Kazakh National University, Doctor of Law, Professor.
*Duzbayeva S.B.* – Acting Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Faculty of Law of Al–Farabi Kazakh National University, PhD.
*Zhakysh A.Zh.* – Lecturer of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Faculty of Law of Al–Farabi Kazakh National University, Master of Law.

УДК 343.34
МРНТИ 10.77.51

**Г.Ж. Мухамадиева[1], Б.Б. Кощегулов[1]**

[1]Карагандинская академия МВД Республики Казахстан имени Б. Бейсенова,
Караганда, Казахстан

# КВАЛИФИЦИРУЮЩИЕ ПРИЗНАКИ, ПРЕДУСМОТРЕННЫЕ СТАТЬЕЙ 255 УК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «АКТ ТЕРРОРИЗМА»

В данной статье на основе действующего уголовного законодательства Республики Казахстан рассматриваются квалифицирующие и особо квалифицирующие признаки акта терроризма.

Акт терроризма это идеология насилия и практика воздействия на принятие решения государственными органами, органами местного самоуправления или международными организациями путем совершения либо угрозы совершения насильственных или иных преступных действий, связанных с устрашением населения и направленных на причинение ущерба личности, обществу и государству.

Совершение террористического акта вызывает отрицательную оценку не только внутри каждого конкретного государства, но и в целом международного сообщества. Террористические акты могут быть выполнены любым способом, но они всегда направлены на подрыв государственной власти и возникновение чувства неуверенности и страха у населения.

Анализ квалифицирующих и особо квалифицирующих признаков акта терроризма позволил авторам настоящей статьи выработать ряд предложений по совершенствованию действующего уголовного законодательства Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** общественная безопасность, акт терроризма, взрыв, поджог, квалифицирующие признаки акта терроризма, опасность гибели людей, причинение значительного имущественного ущерба, устрашение населения, наступление иных общественно опасных последствий, террористическая группа, группа лиц по предварительному сговору.

---

**Қазақстан Республикасы ҚК 255-бабы «Терроризм актісі» бойынша саралау белгілері**

Осы мақалада Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасының негізінде терроризм актісінің саралау және ерекше саралау белгілері қаралады.

Терроризм актісі – бұл зорлық-зомбылық идеологиясы және халықты қорқытуға байланысты және жеке адамға, қоғамға және мемлекетке зиян келтіруге бағытталған зорлық-зомбылық немесе басқа да қылмыстық әрекеттерді жасау немесе қорқыту арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы.

Террористік актінің жасалуы әр нақты мемлекеттің ішінде ғана емес, сонымен бірге жалпы халықаралық қауымдастықтың теріс бағасын тудырады. Террористік актілерді кез-келген жолмен жасауға болады, бірақ олар әрқашан мемлекеттік билікке нұқсан келтіруге және халықтың сенімсіздік пен қорқыныш сезімін тудыруға бағытталған.

Терроризм актісінің саралау және ерекше саралау белгілерін талдау осы баптың авторына Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

**Түйінді сөздер:** қоғамдық қауіпсіздік, терроризм актісі, жарылыс, өртеу, терроризм актісінің біліктілік белгілері, адамдардың қаза болу қаупі, елеулі мүліктік залал келтіру, халықты қорқыту, өзге де қоғамға қауіпті салдарлардың басталуы, террористік топ, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы.

---

**Qualifying signs provided for in Article 255 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan «Act of terrorism»**

In this article, on the basis of the current criminal legislation of the Republic of Kazakhstan, the qualifying and especially qualifying signs of an act of terrorism are considered.

An act of terrorism is an ideology of violence and the practice of influencing the decision-making of State bodies, local self-government bodies or international organizations by committing or threatening to commit violent or other criminal acts related to the intimidation of the population and aimed at causing damage to the individual, society and the state.

The commission of a terrorist act provokes a negative assessment not only within each individual State, but also in the international community as a whole. Terrorist acts can be carried out in any way, but they are always aimed at undermining State power and creating a sense of insecurity and fear among the population.

The analysis of qualifying and especially qualifying signs of an act of terrorism allowed the author of this article to develop a number of proposals for improving the current criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** public safety, act of terrorism, explosion, arson, qualifying signs of an act of terrorism, danger of loss of life, causing significant property damage, intimidation of the population, occurrence of other socially dangerous consequences, terrorist group.

Терроризм в любых формах проявления превратился в одну из опасных по своим масштабам, непредсказуемости и последствиям общественно-политических и моральных проблем, с которыми человечество вошло в XXI столетие. Терроризм все больше угрожает безопасности многих стран и их граждан: он влечет за собой огромные политические, экономические и моральные потери, оказывает негативное психологическое давление, уносит жизни ни в чем не повинных людей.

Борьбе с терроризмом наше государство уделяет особое внимание. Не случайно в Послании Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» в числе приоритетных задач определено противодействие всем формам и проявлениям радикализма, экстремизма и терроризма, отмечается что, «государство и граждане должны единым фронтом выступить против всех форм и проявлений радикализма, экстремизма и терроризма. Особую озабоченность вызывает угроза так называемого религиозного экстремизма... Нам нельзя допустить, чтобы искренняя вера во Всевышнего подменялась агрессивным и разрушительным фанатизмом… Экстремизм и терроризм в Казахстане имеют не идейную, а криминальную основу [1].

Складывающаяся в Казахстане криминогенная обстановка характеризуется развитием ряда опасных тенденций, имеющих в том числе и террористическую направленность. Уже не вызывает сомнений тот факт, что терроризм представляет собой угрозу национальной безопасности нашего государства, и, принимая во внимание политические, социальные и экономические процессы, происходящие в настоящее время в стране, можно прогнозировать, что влияние его в ближайшие годы будет только усиливаться.

Масштабность и жестокость проявления современного терроризма, необходимость непрерывной борьбы с ним, прежде всего, правовыми методиками, подтверждает актуальность выбранной научной статьи.

Под квалифицированным составом уголовного правонарушения понимается состав, предусматривающий отягчающие обстоятельства, наличие которых влечет повышенное наказание по сравнению с ответственностью за преступление, образующее основной состав. Иногда по степени тяжести совершаемого преступления и, соответственно, усиления наказания законодатель выделяет разновидности квалифицированного состава в виде составов преступлений с особо отягчающими обстоятельствами.

Квалифицирующие признаки отражают внутривидовые различия, то есть различия между преступлениями одного вида, а не между преступными деяниями вообще [2, с. 72]. Придавая содеянному новое качество, квалифицирующие признаки изменяют законодательную оценку поведения виновного ввиду значительного изменения степени его общественной опасности, что получает свое внешнее выражение в иной квалификации, отличной от той, которая имеет место при отсутствии квалифицирующих признаков [3, с.13].

Квалифицирующие признаки состава уголовного правонарушения следует отличать как от отягчающих, так и от смягчающих вину обстоятельств. Основное различие между ними заключается в том, что квалифицирующие признаки - это средство законодательной дифференциации ответственности и наказания. Смягчающие или отягчающие вину обстоятельства - это способ индивидуализации наказания. Они представляют суду возможность варьировать выбор вида и размера наказания в пределах санкции статьи, уменьшая его или увеличивая. Квалифицирующие признаки существенно повышают общественную опасность любого противоправного деяния.

В частях 2, 3, 4 ст. 255 УК РК «Акт терроризма» предусмотрены квалифицирующие и, соответственно, особо квалифицирующие признаки.

Часть 2 ст. 255 УК предусматривает наступление уголовной ответственности за совершение квалифицированного акта терроризма:

1) неоднократно;

2) с применением оружия либо предметов, используемых в качестве оружия, взрывчатых веществ или взрывных устройств, которые могут создать реальную угрозу для жизни и здоровья граждан [4, с. 145].

Под неоднократностью акта терроризма понимается совершение лицом двух и более террористических актов, при этом за совершение предыдущего террористического акта требуется, чтобы лицо не было в установленном законом порядке осуждено либо освобождено от уголовной ответственности.

Согласно ч. 6 ст. 71 УК РК сроки давности не применяются к лицам, совершившим террористические преступления [4, с. 58].

Верховный Суд Республики Казахстан в нормативном постановлении «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях» от 8 декабря 2017 года № 11 отмечает, что «неоднократное совершение акта терроризма предполагает совершение террористического преступления не менее двух раз, за которые лицо не было осуждено и не было освобождено от уголовной ответственности» [5].

Под применением оружия понимается использование при терроризме по прямому назначению любого оружия, за исключением оружия, предусмотренного в п. 1) ч. 3 ст. 255 УК РК.

Не образует квалифицирующего признака применение оружия с целью избежать задержания после совершения акта терроризма [6, с. 508].

Под оружием следует понимать устройства и предметы, конструктивно предназначенные для поражения живой или иной цели, а также для подачи сигналов в соответствии с Законом Республики Казахстан от 30 декабря 1998 г. «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия» и признанные оружием экспертным заключением. К оружию вышеуказанный Закон относит следующие виды: огнестрельное, холодное, газовое, электрическое, пневматическое [7].

Верховный Суд Республики Казахстан в вышеуказанном нормативном постановлении отмечает, что «судам при признании предметов, используемых в качестве оружия, необходимо учесть содержание пункта 21 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 8 «О судебной практике по делам о хищениях».

Согласно пункта 21 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан «О судебной практике по делам о хищениях» от 11 июля 2003 года № 8 «используемыми в качестве оружия, признаются предметы, которыми может быть причинен вред здоро-

вью, опасный для жизни или здоровья (ножи бытового назначения, бритва, топор, отвертка, приспособленные предметы: дубинки и т.п.) [8].

Мы считаем, что в данном случае, позиция Верховного Суда Республики Казахстан является не совсем правильной. Так как существует специальное нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях» от 8 декабря 2017 года № 11, где должно быть отражено данное положение. Также в указанном нормативном постановлении нет понятия применения оружия или предметов, используемых в качестве оружия.

Анализ судебно-следственной практики и юридической литературы показал, что предметами, используемыми в качестве оружия, признаются предметы, которыми потерпевшему может быть причинено убийство, вред здоровью, опасный для жизни или здоровья или устрашения населения (ножи бытового назначения, бритва, топор, приспособленные предметы: дубинки и т.п.), а также предметы, предназначенные для временного поражения живой цели (газовые баллончики и другие устройства, снаряженные слезоточивыми и раздражающими веществами), независимо от того, были ли они приготовлены заранее.

Под применением оружия или предметов, используемых в качестве оружия, взрывчатых веществ или взрывных устройств следует понимать фактическое их применение с целью причинения вреда жизни или здоровью потерпевшему (производство выстрела, нанесение колюще-режущих ударов и т.п.), то есть использование их способности поражать живую цель.

На основании изложенного предлагаем данное положение закрепить в Нормативном постановлении Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях» от 8 декабря 2017 года № 11.

Взрывчатые вещества это химические соединения или механические смеси веществ, способные к быстрому самораспространяющемуся химическому превращению, взрыву без доступа кислорода воздуха (например, тротил, нитроглицерин, пироксилин, аммонит, пластит, эластит, порох, твердое ракетное топливо и другие химические вещества и их смеси, обладающие способностью к взрывчатым реакциям, на приобретение и хранение которых требуется специальное разрешение).

Под взрывчатыми устройствами следует понимать промышленные или самодельные изделия, предметы (механизмы), функционально объединяющие взрывчатое вещество и конструктивно предназначенные для производства взрыва (запал, детонатор, взрыватель и т. п.). [6, 508].

Для квалификации акта терроризма по рассматриваемому квалифицирующему признаку недостаточно обладания оружием либо предметами, используемыми в качестве оружия, взрывчатыми веществами или взрывными устройствами: требуется, чтобы данные предметы были применены, и их применение создавало реальную угрозу для жизни и здоровья граждан.

Под применением оружия или предметов, используемых в качестве оружия, взрывчатых веществ или взрывных устройств следует понимать фактическое их применение с целью причинения вреда жизни или здоровью потерпевшему (производство выстрела, нанесение колюще-режущих ударов и т.п.), то есть использование их способности поражать живую цель.

Отрадно, что Верховный Суд Республики Казахстан в своем нормативном постановлении «О некоторых вопросах судебной практики по применению законодательства о террористических и экстремистских преступлениях» от 8 декабря 2017 года № 11, отмечает, что если в процессе совершения акта терроризма были использованы незаконно приобретенные, хранящиеся либо изготовленные огнестрельное оружие, боеприпасы, взрывчатые вещества или взрывные устройства, то действия лица подлежат квалификации по совокупности уголовных правонарушений, предусмотренных статьями 255, 287, 288 УК РК» [5]. Необходимо отме-

тить, что не во всех нормативных постановлениях Верховный Суд Республики Казахстан отражает свою позицию по этому поводу.

Часть 3 ст.255 УК Республики Казахстан предусматривает уголовную ответственность за деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, если они:

1) соединены с применением или угрозой применения оружия массового поражения, радиоактивных материалов и совершением или угрозой совершения массовых отравлений, распространения эпидемий или эпизоотий, а равно иных действий, способных повлечь массовую гибель людей;

2) повлекли по неосторожности смерть человека или иные тяжкие последствия [4, с. 145].

Оружие массового поражения это вид оружия, который позволяет при его использовании привести к большому количеству человеческих жертв. К нему относятся: ядерное оружие, термоядерное, химическое, биологическое, нейтронное и т.д.

Радиоактивные материалы это вещества, распространяющие рентгеновские лучи либо альфа - бета - гамма излучения, которые приводят к значительному ухудшению состояния здоровья живых организмов, а также гибели людей.

Под массовыми отравлениями следует понимать нарушение нормального процесса обмена веществ в организмах большого количества людей. Отравления организма можно добиться путем употребления некачественной питьевой воды, пищи, а также путем применения различных газов.

Под распространением эпидемий понимается заражение большого количества людей различными заболеваниями. Характер эпидемии болезни приобретают после массового заболевания людей на обширной территории и в короткий промежуток времени.

Под распространением эпизоотий понимается массовое заразное заболевание домашних животных: скота или птицы, охватившее определенный регион. Для эпизоотии характерны массовость поражения животных и тенденция к распространению за пределы территории, где появилась болезнь.

Под иными действиями, указанными в п. «1» ч. 3 ст. 255 УК, следует понимать такие действия, которые способны повлечь массовую гибель людей. Обязательным является наличие такого признака как «массовость» [6, 508].

Квалифицирующий признак, предусмотренный в п. 2 ч. 3 ст. 255 УК РК, «повлекшее по неосторожности смерть человека или иные тяжкие последствия» отличается от остальных пунктов и частей данной нормы тем, что субъективная сторона характеризуется двойной формой вины. По отношению к деянию (к акту терроризма) вина характеризуется умыслом, а по отношению к наступившим последствиям (смерти или иным тяжким последствиям) - неосторожностью в виде самонадеянности или в виде небрежности. Однако в целом, в соответствии со ст. 22 УК РК, такое преступление признается совершенным умышленно.

Под причинением смерти человеку понимается наступление биологической смерти лица в результате совершения акта терроризма.

Под иными тяжкими последствиями при акте терроризма понимаются причинение тяжкого вреда здоровью нескольким лицам либо вреда средней тяжести многим лицам, а также причинение крупного материального ущерба.

Для акта терроризма характерно наравне с осознанием общественной опасности своих действий и предвидением возможности наступления общественно опасных последствий своих действий (смерть), тем не менее, не желает их, самонадеянно рассчитывает на какие-то реально существующие обстоятельства. Например, лицо заблуждается относительно мощности разрушающего действия взрывного устройства. Его расчеты оказываются легкомысленными, самонадеянными, в результате чего происходит взрыв, и вместо предполагаемого незначительного повреждения, происходит полное разрушение здания. Для преступной небрежности как вида неосторожной формы вины характерно то, что лицо не предвидит возможности наступления общественно опасных последствий (смерти человека или иных тяжких последствий) в результате своих действий (бездействия), хотя при должной внима-

тельности и предусмотрительности должно и могло их предвидеть. Виновный не имеет намерения причинить эти последствия, не желает и даже не допускает возможности их наступления. На наш, взгляд данное решение законодателя сложно признать правильным.

Объективная сторона акта терроризма выражается в совершении взрыва, поджога или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба либо наступления иных общественно опасных последствий, что не дает оснований говорить о неосторожной форме вины.

Принимая во внимание основные учения о формах вины, приходим к выводу, что акт терроризма может совершаться только с прямым умыслом, так как виновный осознает общественно опасный характер своего деяния, предвидит возможность или неизбежность наступления общественно опасных последствий и желает совершения их наступления. Прямой умысел виновного лица направлен на совершение взрыва, поджога или иных действий создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба, и иных общественно опасных последствий ради достижения определенных целей.

На основании вышеизложенного предлагаем квалифицирующий признак предусмотренный п. 2 ч. 3 ст. 255 УК РК «повлекли по неосторожности смерть человека или иные тяжкие последствия» исключить.

Анализ судебно-следственной практики показывает, что акт терроризма в основном совершается группой лиц по предварительному сговору или террористической группой, такие формы соучастия довольно широко распространены в преступной деятельности. Как правило, совершение преступлений подобного рода под силу лишь объединенным усилиям группы.

Необходимо отметить, что в ст. 255 УК РК, 2014 г. не предусмотрены формы соучастия.

Ранее Уголовный кодекс Республики Казахстан, 1997 г. в ч. 2 и 3 ст. 233 предусматривал такие квалифицирующие признаки, как совершение акта терроризма «группой лиц по предварительному сговору» (п. «а» ч. 2) и «организованной группой» (п. «а» ч. 3). В связи с принятием Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам борьбы с терроризмом» от 19.02.2002 г. квалифицирующие признаки совершения террористического акта «группой лиц по предварительному сговору» и совершения данного деяния «организованной группой» были выведены из указанного состава. Данное обстоятельство было обусловлено, по видимому тем, что ст. 233-2 УК РК ныне ст. 257 УК РК «Создание, руководство террористической группой и участие в ее деятельности» полностью охватывает собой вышеуказанные квалифицирующие признаки.

5) данный признак, состоящий в делегировании полномочий по назначению процессуальных действий к производствустрого определенным участникам уголовного процесса, в полном объеме может быть отнесен к негласным следственным действиям. Данная часть признака соответствует особенностям негласных следственных действий на том основании, что следственные и негласные следственные действия назначаются к производству постановлением следователя. Вторая часть указанного признака, состоящая в законодательном установлении лиц, непосредственно производящих (реализующих) процессуальное действие, то здесь у следователя таких полномочий нет. Эта часть осуществляется сотрудниками оперативных подразделений органа уголовного преследования. Таким образом, рассматриваемый признак только частично отвечает предъявляемым требованиям;

6) признак длительности следственных действий вполне экстраполируется в сферу негласных следственных действий. Однако основаниями для установления протяженности во времени этих действий выступают положения двух законов: УПК РК и ЗРК «Об ОРД». Отсюда, отраслевая принадлежность данного признака носит междисциплинарный характер;

7) гибкость или вариативность негласных следственных действий не усматривается ни в нормах УПК РК, ни в нормах ЗРК «Об ОРД». Вероятность перетекания одного вида негласного следственного действия в другой или наложения видов этих действий один на другой без соответствующего процессуального решения невозможна, что связано с тем, что процедуры принятия решений о виде негласного следственного действия, подлежащего применению, носят строго индивидуализированный и дифференцированный характер. Вероятные возможностиинтеграции или интерференции на основе предписаний ведомственных подзаконных актов находятся за пределами уголовно-процессуального права.

Таким образом, проведенный пилотажный анализ состояния и перспектив институционализации негласных следственных действий не дает полновесных аргументов в пользу признания негласных следственных действий в качестве разновидности следственных действий в их традиционном понимании. Наряду с этим вызывает понимание и поддержку позиция О. В. Михайловской, которая считает, что в УПК РК в перечне доказательств отсутствует указание на материалы, полученные в результате проведения оперативно-розыскных мероприятий по поручению следователя, дознавателя и что эти материалы можно отнести к категории «иных доказательств». Одновременно предлагается включить в УПК РФ материалы, полученные в результате оперативно-розыскных мероприятий, проведенных по поручению сле-

дователя, дознавателя, прокурора. А нормы, регламентирующие «иные доказательства», дополнить положением о том, что в число последних включаются иные документы, полученные «средствами ОРД». В развитие этого указанный автор также предлагает дополнить ч. 2 ст. 74 УПК РФ положением о том, что в качестве доказательств допускаются «результаты оперативно-розыскной деятельности, полученные и предоставленные в установленном законом порядке» [22, с. 46]. Идея О.В. Михайловской может быть воспринята казахстанским законодателем с учетом негласных следственных действий (в УПК РФ категории негласных следственных действий нет).

**3. Предложения по регламентации негласных следственных действий**

Проведенный анализ в определенной мере является основанием для формулирования отдельных предложений, направленных на усовершенствование структуры УПК РК, нормативного регулирования правоотношений, складывающихся в сфере негласных следственных действий.

1. Главу, посвященную регламентации негласных следственных действий, разместить после глав, посвященных регламентации следственных действий. Тем самым осуществить структурное обособление как следственных, так и негласных следственных действий. В действующем УПК РК размещение норм о негласных следственных действиях путем нарушения логической последовательности изложения следственных действий представляется неуместным и не поддающимся требованиям разумности и рациональности.

2. Категорию негласных следственных действий именовать иначе, исключив из имеющей место формулы слово «следственные» и именовать, например, «специальные процессуальные действия». При предложенном подходе не будут затронуты устоявшиеся категории и понятия уголовного процесса и оперативно-розыскной деятельности.

3. В начальных нормах глав, содержащих положения, предваряющие регламентацию следственных действий, указывать обязательно принадлежность данного процессуального действия к категории следственных, а также цель, для достижения которой данное следственное действие проводится. Такой подход, во-первых, устранит давний пробел в УПК РК, связанный с отсутствием понятия и перечня следственных действий; во-вторых,станет фактором, усиливающим дифференциацию и исключающим смешение следственных и негласных следственных действий. Данное предложение требует своей экстраполяции в сферу мер принуждения, а именно: в отношении процессуального задержания в порядке ст. 128 УПК РК. Это связано с тем, что в ч.1 ст. 196 УПК РК задержание лица по подозрению в совершении уголовного правонарушения, проведенное в неотложном порядке, отнесено к следственным действиям. При всей спорности отнесения процессуального задержания к неотложным следственным действиям, соблюдение логической последовательности требует внесения соответствующих изменений и дополнений.

4. Часть 2 ст. 111 УПК РК о доказательствах дополнить положением о том, что фактические данные также устанавливаются «сведениями, полученными в результате негласных следственных действий» (здесь мы допускаем аналогию в контексте предложений О. В. Михайловской).

5. Представляется очевидным, что существуют методологические и практические основания для более углубленного исследования феномена негласных следственных действий в контексте его возможной институционализации.

***Список использованных источников:***

1. Токаев К-К. К. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны: Послание Главы государства Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2021. 2 сентября. – № 165 (29542).

2. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период до 2030 года. – Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 // Интернет-ресурс: https://adilet.zan.kz/ (дата обращения: 20.12.2021).

3. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V «Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2 февраля 2021 года) // Интернет-ресурс:https://adilet.zan.kz/rus/docs (дата обращения: 20.12. 2021).

4. Марченко Н. М. Основные признаки права //Общая теория государства и права: Академический курс в 2-х томах./Под ред. М. Н. Марченко. Том 2. Теория права. – М.: Издательство «Зерцало», 1998. – 640 с.

5. Большой юридический словарь / Под редакцией А. Я. Сухарева, В. Е. Крутских. – 2 – е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2002. – 703 с.

6. Юридический словарь / Под ред. А. Н. Азрилияна. – М.: Институт новой экономики, 2007. – 1152 с.

7. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энциклопедия, 1983. – 840 с.

8. Советский уголовный процесс: Учебник. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1989. – 472 с.

9. Словарь основных терминов по уголовному процессу / Под ред. к.ю.н. Боброва В. К. – М.: Издательство «Щит - М», 2001. – 160 с.

10.Совместный приказ Министра внутренних дел РК от 12 декабря 2014 года № 892, Министра финансов РК от 12 декабря 2014 года № 565, Председателя Агентства РК по делам государственной службы и противодействия коррупции от 12 декабря 2014 года № 62, Начальника Службы государственной охраны РК от 15 декабря 2014 года № 146, Председателя Комитета национальной безопасности от 18 декабря 2014 года № 416 «Об утверждении Правил проведения негласных следственных действий» // Интернет- ресурс: https://adilet.zan.kz/rus/docs (дата обращения: 22.12.2021).

11. Шейфер С. А. Следственные действия. Основания, процессуальный порядок и доказательственное значение //https:/window.edu.ru/catalog (дата обращения: 21.12.2021).

12. Пигорев О. И. Развитие института следственных действий в российском уголовно-процессуальном праве: автореф. ... канд. юрид. наук. – Москва, 2014. – 25 с.//https:/dissercat/content/rasvitie-instituta-sledstvennykh-deistvii-v-rossiiskom-ugolovno-protsessualnom-prave(дата обращения: 21.12.2021).

13. Музыченко П. Б. Институт следственных действий: проблемы и пути совершенствования // Электронное научное издание «Ученые заметки ТОГУ», 2014, Том 5, № 4. С. 538-543 //https://pnu.edu.ru/ru/ejournal/about/ejournal@pnu.edu.ru (дата обращения: 21.12.2021).

14. Алексеев С.С. Проблемы права// Монография. – М.: Издательство БЕК, 1995.–320 с.

15. Камалова Г.Г. Правовое обеспечение конфиденциальности информации в цифровую эпоху: современное состояние институционализации и перспективы//Государство и право. – 2019. - №6. – С. 74 - 83. DOI:10.31857/S01320790005280-8

16. Бачило И.Л. Информационное право: Авторский учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М., 2016. -437 с.

17. Мальцев Г.В. Социальные основания права// Монография. – М., 2007. –800 с.

18. Институт негласных следственных действий: основания, условия проведения, процедура исследования и порядок использования полученных результатов в доказывании по уголовному делу//ТОО, «Юридическая компания Закон и право» // Интернет-ресурс: https://zakonpravo/kz/ (Дата обращения: 22 12. 2021).

19. Назханов Т., Дюсембин Д. Негласные следственные действия в уголовном процессе //Интернет-ресурс: https:/www.zakon.kz/(дата обращения: 26.12.2021).

20. Уваров В.Г. Проблемы института негласных следственных (розыскных) действий в новом Уголовно-процессуальном кодексе Украины //Вестник экономики, права и социологии. – 2013. – № 2. – С. 183 – 186.

21. Коновалов С.Г. Элементы германской модели досудебного производства в уголовном процессе постсоветских государств: автореф. …канд. юрид. наук. – М., 2018. –22 с. // Интернет-ресурс:https://dspace.nlu.edu.(дата обращения: 26.12.2021).

22. Закон Республики Казахстан от 15 сентября 1994 года № 154-XIII «Об оперативно-розыскной деятельности». (С изменениями и дополнениями по состоянию на 19.12.2021.) // Интернет-ресурс: https://online.zakon.kz/Dokument (дата обращения: 27.12.2021.).

23. Михайловская О. В. Результаты оперативно-розыскной деятельности в доказывании по уголовным делам // Российская юстиция. – 2019. - № 1. – С. 45-46.

## Сведения об авторах

*Толеубекова Б.Х.* – НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», профессор кафедры юриспруденции, доктор юридических наук, полковник юстиции в отставке.
*Хведелидз Т.Б.* – НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», ассоциированный профессор кафедры юриспруденции, кандидат юридических наук.
*Калкаева Н.Б.* – НАО «Казахский национальный педагогический университет им. Абая», профессор кафедры юриспруденции, кандидат юридических наук.

*Толеубекова Б.Х.* – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, құқықтану кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, отставкадағы әділет полковнигі.
*Хведелидзе Т.Б.* – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты.
*Калкаева Н.Б.* – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, құқықтану кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты.

*Toleubekova B.H.* – Abai Kazakh National Pedagogical University, Professor of the Department of Jurisprudence, Doctor of Law, Retired Colonel of Justice.
*Khvedelidze T.B.* – Abai Kazakh National Pedagogical University, Associate Professor Department of Jurisprudence, Candidate Law Sciences.
*Kalkayeva N.B.* – Abai Kazakh National Pedagogical University, Professor, Department of Jurisprudence, Candidate Law Sciences.

УДК 34:37.016
МРНТИ 10.77.51

**М.С. Мухамеджан**[1]

[1]Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы, Алматы, Қазақстан

# ҰРЛАНҒАН ЖӘНЕ ЖОҒАЛҒАН ҚАРУДЫ ІЗДЕУ БОЙЫНША ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ АЛГОРИТМІ

Осы мақалада ұрланған және жоғалған қаруды іздеу бойынша полиция қызметкерлерінің әрекеттерінің алгоритмі бойынша сұрақтар қарастырылған. Ғылыми мақалада қылмыс түрінің полиция қызметінің және оның ішінде жедел-іздестіру қызметінің бағыттары көрсетілген. Ұрланған және жоғалған қаруды іздеуге байланыстыжүргізілетін іс-шараларға ерекше көңіл бөлінген. Қылмыстың обьектісі болып азаматтардың өмірі менқоғамдық қауіпсіздік, іс-әрекеттің нысанасы-атыс қаруы немесе өзге де қару, оның негізгі бөліктері, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар және жарылғыш құрылғылар болып танылады. Жедел-іздестіру қызметі қылмыстылық пен күресуде өзіндік ерекшелігі бар және арнайы жұмыстарды жүргізуге бағытталған сала болып табылады.Ұрланған және жоғалған қаруды іздеу бойыншасезікті тұлғалардың әрекеттерін жолын кесу, анықтау және ашу, осы аталғанның барлығы жедел- іздестіру қызметінің негізіне жатқызуға болады. Криминалды полиция басқармасымен аталған қылмыстар бойыншажедел-іздестіру іс-шараларын өткізу, қылмыскерлерді анықтау мен ұстаудан тұрады.

**Түйінді сөздер:** желел-іздестіру қызметі, полиция, жоғалған қаруды іздеу, қару жарақ дүкені, іздестіру жұмыстары, балистика, есепке алу, қаруға рұқсат.

---

**Алгоритм действий сотрудников полиции по розыску похищенного и утерянного оружия**

В данной статье рассмотрены вопросы алгоритма действий сотрудников полиции по розыску похищенного и утерянного оружия. В научной статье отражены направления деятельности полиции по виду преступления и в том числе оперативно-розыскной деятельности. Особое внимание уделено мероприятиям, связанным с поиском похищенного и утерянного оружия. Объектом преступления признаются жизнь граждан и общественная безопасность, предметом действия-огнестрельное или иное оружие, его основные части, боеприпасы, взрывчатые вещества и взрывные устройства. Оперативно-розыскная деятельность является сферой, имеющей свою специфику и направленной на проведение специальных работ по борьбе с преступностью. Пресечение, выявление и раскрытие действий подозреваемых по розыску похищенного и утерянного оружия, все это можно отнести к основе оперативно-розыскной деятельности. Управлением криминальной полиции проводятся оперативно-розыскные мероприятия по указанным преступлениям, выявлению и задержанию преступников.

**Ключевые слова:** оперативно-розыскная деятельность, полиция, поиск похищенного оружия, оружеиный магазин, розыскная работа, балистика, постановка на учет, разрешение на оружие.

---

**Algorithm of actions of police officers to search for stolen and lost weapons**

This article discusses the issues of the search algorithm for stolen and lost weapons by police officers. The scientific article reflects the activities of the police by type of crime, including operational investigative activities. Special attention is paid to activities related to the discovery of stolen and lost weapons. The object of the crime is the life of citizens and public safety, firearms or other weapons, their main parts, ammunition, explosives and explosive devices. Operational investigative activity has its own specifics and is an area aimed at carrying out special work to combat crime and criminality. Suppression, detection and disclosure of

the actions of suspects in the search for stolen and lost weapons, all this can be attributed to the basis of operational investigative activities. The Criminal Police Department conducts operational investigative measures to identify and detain these crimes, criminals.

**Keywords:** operational search activity, police, search for stolen weapons, gun shop, search work, balistics, registration, weapons permit.

Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары біздің ең қымбат қазынамыз болса, онда оның қорғалуына да тиесілі шаралар қолданатындай механизмдер де болуы тиіс. Оны кез-келген тұлға, қоғамдық ұйым, барлық қоғамдық әрі құқықтық қатынастарға түсетін тараптар барлық мүддеден жоғары қоюы қасиетті міндет болып табылады. Ал, мемлекеттік органдар үшін адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең басты әрі негізгі мүддесі болуы тиіс. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік органдарына жататын құқық қорғау органдары үшін ең басты міндет, сондай-ақ құқық қорғау органдарына заңдылықты қамтамасыз етудің ерекші маңызды екені белгілі. Оны, құқық қорғау қызметі туралы заңда құқық қорғау органына берілген анықтамадан анық байқауға болады: «құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган» [2]. Осы анықтамаға сүйене отырып, «құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғауын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган», - деп нық сеніммен айтуға болады.

Біздің елімізде көптеген адам өміріне қауіпті қылмыстар (кісі өлімі, қарақшылық, терроризм т.б.) қаруды қолдану арқылы жасалады. Бұлардың ішінде атыс қару арқылы жасалған қылмыстар ерекше қауіп туғызатыны белгілі. Сондықтанда, атыс қаруды және одан атылатын оқ-дәрілерді теориялық деңгейде зерттеу өте маңызды. Осыған байланысты зерттеліп жатқан мақала атыс қару мен оқ дәрілерді ұрланған және жоғалған кездегі полиция қызметкерлерінің әрекеттері мен іздеуге байланысты атқарылатын жұмыстары бойынша шараларатуралыболмақ.

Өздеріңізге мәлім болғандай ағымдағы 2022 жылдың басынын бастап елімізде орын алған жаппай тәтіпсіздік пен тонау фактілері орын алған, осы қаралы қаңтарда Алматы қаласы Полиция департаменті ресми мәлімдемесі бойынша жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қару-жарақ дүкендерінен 1 мың 424 атыс қаруы ұрланғанын белгілі болды. Ұсталған қарулардың көпшілігі атуға бейімделген және халыққа нақты қауіп төндіреді. Жаппай тәртіпсіздік кезінде қылмыскерлер сол күндері болған ахуал жағдайына байланысты өздерінің қылмыстық істерін іске асырды, олар қару жарақ дүкендерінің «Торларды көліктермен жұлып, арнайы дайындалған құрылғымен сындырды. Оларда тонау үшін керекті саймандар мен құрал жабдықтардың барлығы болды. Қарақшыларда көп уақыт болмады, сол себепті торларды сындыра бастады. Қару-жарақтың барлығы арнайы қоймада болды. Іздеу керек, өйткені, болашақта ол кез келген жағдайда қолданылуы мүмкін. Ең қорқыныштысы да, ең қауіптісі де осы, - деді, мамандандырылған қару-жарақ дүкенінің директоры бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында. Полиция департаментінде сол уақытта қалада қаруды, оның ішінде қару-жарақ дүкендерінен ұрланғандарды іздестіру және тәркілеу, сондай-ақ қаладағы қылмыстық ахуалды жақсартуға бағытталған «Құқықтық тәртіп» іс-шарасы өтіп жатқанын атапөткен.«Осы дүкендердің қоймаларында сөрелерге қойылған қолданыста емес қарулардың құрамдас бөліктері, сондай-ақ, атуға жарамды қарулар да сақталған. Кейбір дүкендердегі қылмыскерлер атуға жарамды қаруға жетіп үлгерген, содан кейін оларды ұрлап кеткен. Қолданыста емес қаруды, егер құрамдас бөліктері бар болса, бейбіт тұрғындар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне

қарсы қолданылуы мүмкін екендігін ескертілген. Азаматтардан заңсыз қару сақтау фактілері анықталса немесе табылса, өз еркімен тапсыруларын сұраймыз. Қаруды өз еркімен тапсыру қылмыстық жауапкершіліктен босатады», –деп мәлімдеді Алматы қалалық ПД ресми өкілдері.

Жоғарыда көрсетілген фактілер орын алған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық деректері бойынша құқық қорғау органдары, оның ішінде полиция қызметкерлеріұрланған және жоғалған қаруды іздеу бойынша келесідей шараларды жүзеге асыру тиіс.

Заңсыз айналымдағы қаруды кез келген уақытта бейбіт тұрғындарға қарсы қылмыстық элементтер пайдалануы мүмкін, сондықтан жедел бөлімшелерді алатын болсақ өз кезегінде жедел-іздестіру қызметінің бастапқы және жауапты кезеңі болып жедел-іздестіру шаралары табылады. Ол өз кезегінде қылмыс жасауға әзірленіп жатқан немесе жасалатын қылмыстарға жол бермеу сол сияқты қылмыстарды ашу, не болмаса жасырынған қылмыскерлерге, қылмыстық ұйымдарға іздеу салу мақсатында, сезікті тұлғаларға (адамдар тобына) қатысты жедел-іздестіру шараларын құпия түрде жүзеге асыру процесін көрсетеді [3].

Құпия жұмыс шегінде жедел-іздестіру қызметінің құралдары мен күштерін ұтымды пайдаланудың және ұйымдасқан қылмыстылықпен күреске бағытталған пайдалы ақпараттарды жинау мен ұтымды белгілі шешімдерді әзірлеудің мақсатында оларды реттеудің мүмкіндігі бар.

Қылмыскерлерді, айғақты заттарды іздеу, куәларды табу, ұрланған қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар және жарылғыш құрылғыларды анықтауға бағытталған ЖІШШ келесі мақсатта жүргізілуі тиіс:

- адамдарға сауал қою;
- іздеу қызмет иттерін пайдалану;
- “ізін суытпай” қылмыскерледің ізіне түсу;
- әскерилерді қатыстыру арқылы орындарға «қарау» жүргізу;
- қылмыскерлердің болу немесе кету жолдарына тосқауыл қою;
- ұрланған қарудың өткізетін (сататын) деуге мүмкін орындарға бақылау жүргізу;
- қылмысты әзірлеуші, жасаушы немесе жасаған адамды ізіне түсу және оны ұстау;
- ІІО-на басқа да құқық бузушылықпен әкелінген адамдардан, оқиға жайлы хабардарлығын анықтау жайлы сұраныс жасау және сол хабарларды тексеру;

Қылмыскердің сырт пішіні, ерекше белгілері бойынша фототека және бейнетекалардан тексеріледі. Егерде оқиға болған жерді қарау кезінде қол, саусақ іздері табылып олидентификацияға жарамды болса, онда дактилоскопиялық тіркеулерден міндетті түрде тексеріледі, сондай-ақ басқа іздер табылса оларда тексерілуі қажет, және де сараптамалар тағайындалу керек. Жалпы ЖІШШ бойынша жедел қызметкерлермен жоспар құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Қарастырылып отырған қылмыс түрімен күресудің бір бағыты ретінде профилактикалық жұмысты айтуға болады. Жедел-іздестіру профилактикасы қылмыстылықты ескертудің жедел-іздестіру теориясының құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан жедел-іздестіру қызметінде профилактиканың бұл түріне назар аудару қажет деп санаймын.

Жедел-іздестіру профилактикасы бұл виктимогенді жағдайға себеп болатын себептер мен жағдайларды болдырмау, жоюға бағытталған ерекше процесі болып табылады. Сонымен қатар қылмыстылықты ескертудің бұл нысаны адамның қылмыс құрбанына айналуына әсер еткен себептер мен жағдайларды анықтау мен оларды бейтараптандыру мақсатында жүзеге асырылатын іс-әрекеттер кешені болып табылады [4].

Ішкі істер министірлігі жыл сайын «Қару» атты профилактикалық шаралар өткізуде онда халық қолында заңсыз сақталған атыс қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды сатып алу акциясын өткізіп отырады. Ондай еш жерде тіркелмеген мүліктерді ерікті тапсырған адамдар қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Сонымен қатар, қару-жарақ құралдарын ерікті тапсырғаны үшін мемлекеттен төленетін толем көлемі әр кару бірлігі үшін оннан жүз айлық есептік көрсеткішке дейін көзделген.

Полиция қызметкерлері өздері тексеріп жүріп, қаруды сақтауда заңға қайшы әрекеттерді анықтаса, қару иесі қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын ескертеді. Мұндайда табылған заңсыз қару тәркіленеді. Тәртіп сақшылары қала мен облыс тұрғындарынан заңсыз қару, оқ-дәрі және жарылғыш заттарды сақтайтын күдікті тұлғалар болған жағдайда полицияға жедел хабар беруін сұрады. Осындай пайдалы ақпаратты хабарлаған адамның аты-жөнінің құпиялылығына полицейлер толық кепілдік беретіндігін мәлімдеуі тиіс.[5].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 287, 291 баптары бойынша қылмыстық іс қозғау органдарының кең тараған себебі – бұл құқық қорғау органдарының қылмысты тікелей анықтауды болып табылады.

Бұл қарудың түрлерін, бөліктерін, оқ-дәрі, жарылғыш заттар және жару құрылғыларды анықтау, көп жағдайларда:

- Құқық бұзуды бұлтарту жағдайында, әкімшілік және басқа әрекеттер барысында, құқық бұзушыларды ІІО-на әкеліп, оларды жеке тінту барысында немесе жеке заттарын қарауда;
- Құқық қорғау органдарының жедел ақпараттарының жасырын көздерінен алынған хабарларды жүзеге асыру барысында, ЖІШ-ның жүргізу барысында;
- Кедендік бақылауда, кеден қызметкерлерімен, шекаралық әскерилердің жүктерді қарау барысында (тінту, ұстау).

Сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп тексеруіне бастапқы негізі ретінде, бөлек тұлғалардың арыздары және де лауазымды адамдардың деректері болуы мүмкін.

Алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы.

Бұл тергеу әрекеті қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды ұрлау деректері бойынша тергеуде әрекеттер бағдарламасында қаралады. Қаруды ұрлауды тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеушінің әрекетінің бағдарламасы, қалыптасқан тергеулік ахуалға байланысты анықталады. Олар:

1. Қылмыскер қаруды ұрлап оқиға болған жерден бойтасалап қашып кеткен.
2. Қылмыскер қаруды ұрлап оқиға болған жерден бойтасалап қашып кеткен, алайда қылмысты көргендер және куәлар бар.
3. Қылмыскерлер оқиға болған жерде қылмыс үстінде немесе ізін суытпай ұсталынған.

Алайда, қалыптасқан кез келген тергеулік ахуалда келесі тергеу әрекеттері, ұйымдастыру шараларын жүргізілуі қажет.

Тергеуәрекеттері:

- ОБЖ - қарау, ОБЖ-ден табылған қаруларға, айғақты заттарға, іздерге қарау жүргізу;
- Куәләрдан жауап алу;
- салыстырмалық зерттеулер үшін үлгілер алу.
- Криминалистикалық және басқа да қажетті сараптамалар тағайындау;

<u>Ұйымдастыру шаралары:</u>

- Жасалған қылмысты, оны жасау тәсілі бойынша есептерден тексеру;
- Ұрланған қаруды тіркеу;
- Жасалған қылмыс жәйлі көрші ҚПБ, облыстық ПД, хабардар ету;
- Қылмыскерлердің субъективтік суретін құру;
- Ұксас қылмыстар жайлы ақпараттарды, хабарламалармен танысу;
- Мұрағаттан ұқсас қылмыстық істер, қылмыстық іс құжаттарымен танысып зерттеу.

Жалпы жоғарыда көрсетілген қылмыс түрімен күресу жағдайында нені түсіну қажет, атыс қару басынан бастап тірі нысаналарды зақымдау үшін арналған. Оны адам өлтіру, бандитизм, бұзақылық және т.с.с. аса ауыр қылмыстарды жасау барысында қолданады. Қазір тәртіп сақшылары заңсыз сақтауда жүрген қаруларды өз еріктерімен тапсыруға үндеп жатыр. Елімізде трагедиялық қаңтар оқиғаларынан кейін әр қиырында қару-жарақ қатысты жедел профилактикалық жұмыстар жүргізілуде, оның нәтижесі алдағы уақытта белгілі болады. Жалпы, бізге осы қару-жарақ сататын дүкендер қажет пе осы? Бәлкім, көлеңкелі қару

саудасы өршіп кетеді дейтіндер де табылар. Бірақ қазірдің өзінде заңсыз қару-жарақ айналымы жоқ дегенге кепілдікті ешкім де бере алмас. Ішкі істер министрлігі оқиғаның салдарымен емес, себебімен күрессе тиімді болар еді.

***Қолданылған дереккөздер тізімі***


1. ҚазақстанРеспубликасыныңКонституциясы (Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды).
2. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы
3. Жедел- іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы.
4. Отарбаева А.Б., Мухамеджан М.С. Роль профилактики в борьбе с уголовными правонарушениями, связанными причинением вреда здоровью// Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан. – № 1 (62). – 2020. 42 б.
5. Брушковский К., Дильбарханова Ж.Р. и др. Криминалистическое оружиеведение: исследование огнестрельного оружия. – Алматы, 2004. – 281с.
6. Практическое руководство по методам идентификации огнестрельного оружия. – Алматы, 2005. – 187с.
7. Stolen Guns in America. A Staty-by-State Analysis. Автор- Челси Парсонс; Вице президент по предотвращению насилия с преминением огнестрельного оружия. – USA.Jul 25, 2017.


## Автор туралы мәліметтер


*Мухамеджан Мұрат Серікұлы* – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің жедел-іздестіру тактикасы және арнайы техника кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі.

*Мухамеджан Мурат Серикович* – старший преподпватель кафедры оперативно-розыскной тактика и специальной техники факультета профессиональной подготовки Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова подполковник полиции.

*Mukhamedzhan Murat Serikovich* – Senior lecturer of the Department of Operational and Investigative Tactics and Special Equipment, Faculty of Professional Training of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Makana Esbulatova.

УДК 343.98
МРНТИ 10.85.31

**Г.М. Атаханова[1], С.Б. Бақыт[1], Ш.Д. Советхан[2]**

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Қ.А. Яссауи атындағы университеттің оқытушысы, Түркістан, Қазақстан

# БАҒАЛАУЫШТЫҚ ПАЙЫМДАУ – СОТ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯСЫ

Мақалада бүгінгі қоғам өміріндегі көкейтесті мәселелердің шешімін табуда маңызды болып табылатын сот-лингвистикалық сараптамасының негізгі категориясының бірі – бағалауыштық пайымдаудың қызметі қарастырылады.

Сот лингвистикалық сараптамасының мәні – іс үшін маңызы бар және табиғи тілдің ауызша және жазбаша сөйлеуінде болуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын зерттеу негізінде анықталған фактілер мен мән-жайлар. Заң саласында адамның құқықтары мен жеке басын қорғау қазіргі қоғамдағы басым құқықтық бағыт болып табылатындығы бәрімізге белгілі. Сол себепті, қазіргі медиа орта – бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет желілерінде және қоғамдық қарым-қатынас жасау кезінде даулы жағдайларға байланысты туындайтын, ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы сот істерінің көбеюі кең таралып жатқан уақытта, материалдарға лингвистикалық сараптама жүргізу кең қолданылады. Конфликтогенді мәтіндер құрамындағы сөз қолданыстарына баға беру арқылы, сарапшы-лингвист мәтінге филологиялық тұрғыдан талдау жасай отырып, қорытынды шығарады. Сарапшының жасаған қорытындысы, азаматтық немесе қылмыстық іс жүргізу процесіндегі негізгі дәлелдердің бірі болып саналады.

Лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде тіл мен сөйлеу құралдары арқылы мәліметтерді бекіту, бағалауыштық пайымдауларды, сондай-ақ мәтін авторының субъективті пікірін ажырату аса маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Бағалауыштық пайымдау – оқиға немесе қарастырылып отырған жағдайлардың, адамдардың қасиеті мен іс-әрекеттерінің қандай да бір дәреже деңгейінде белгілі бір құндылыққа жақсы не жаман нәрсе тұрғысынан баға бере отырып, материалдарға лингвистикалық сараптама жасаудың құнды негізі болады.

**Түйінді сөздер**: бағалауыштық пайымдау, сот-лингвистикалық сараптама, құқық, баға беру, конфликтогенді мәтіндер, сарапшы-лингвист.

---

**Оценочное суждение – основная категория судебной лингвистической экспертизы**

В статье рассматривается деятельность оценочного суждения-одной из основных категорий судебно-лингвистической экспертизы, которая является важной для решения актуальных проблем в жизни современного общества.

Предметом судебной лингвистической экспертизы являются факты и обстоятельства, имеющие значение для дела и выявленные на основе изучения закономерностей существования и функционирования естественного языка в устной и письменной речи. Всем известно, что в юридической сфере защита прав и личности человека является приоритетным правовым направлением в современном обществе. Поэтому в то время, когда современная медиасреда – это все большее распространение судебных исков о защите чести, достоинства и деловой репутации, возникающих в связи со спорными ситуациями в средствах массовой информации, сети интернет и при публичном общении, широко применяется лингвистическая экспертиза материалов. Оценивая употребление слов в составе конфликтых текстов, эксперт-лингвист делает выводы, проводя филологический анализ текста. Заключение эксперта считается одним из основных доказательств в гражданском или уголовно-процессуальном процессе.

Известно, что при проведении лингвистической экспертизы важнейшую роль играет фиксация сведений средствами языка и речи, разграничение оценочных суждений, а также субъективного

мнения автора текста. Оценочное суждение-ценное основание для лингвистической экспертизы событий или рассматриваемых ситуаций, свойств и действий людей на каком-либо уровне ранга с оценкой той или иной ценности с точки зрения чего-то хорошего или плохого.

**Ключевые слова:** оценочное суждение, судебно-лингвистическая экспертиза, право, оценка, конфликтные тексты, эксперт-лингвист.

---

**Value judgment – the main category of forensic linguistic expertise**

The article deals with the activity of value judgment, one of the main categories of forensic linguistic expertise, which is important for solving urgent problems in the life of modern society.

The subject of forensic linguistic expertise are facts and circumstances that are relevant to the case and revealed on the basis of the study of patterns of existence and functioning of natural language in oral and written speech. Everyone knows that in the legal sphere the protection of human rights and personality is a legal priority in modern society. Therefore, at a time when the modern media environment is the increasing spread of lawsuits for the protection of honor, dignity and business reputation, arising in connection with controversial situations in the media, the Internet and in public communication, linguistic expertise of materials is widely used. Assessing the use of words in conflict texts, the expert linguist draws conclusions by conducting a philological analysis of the text. The expert opinion is considered one of the main pieces of evidence in civil or criminal proceedings.

It is known that during the linguistic examination the most important role is played by fixing the information by means of language and speech, differentiation of value judgments, as well as subjective opinion of the author of the text. Value judgment-valuable basis for linguistic examination of events or considered situations, properties and actions of people at any level of rank with an assessment of this or that value in terms of something good or bad.

**Key words:** value judgment, forensic linguistic examination, law, evaluation, conflict texts, expert linguist.

Қазіргі таңдағы тіл ғылымының даму барысы мен оның ғылыми-теориялық ұстанымдарын әр түрлі аспект тұрғысынан, жан-жақты тану мақсатында жүргізіліп жатқан зерттеулер, жаңаша бағыттар мен көзқарастарды қалыптастырды. Тілді адамдардың қарым-қатынас құралы ретінде, қоғамдық санадағы, қоғам өміріндегі, мәдени және әлеуметтік құндылықтардағы өзгерістердің бейнелеудегі жолдарын зерттеу, басқаша айтқанда, тілдің нақты қолданылу проблемасын зерделеу – бұл әлеуметтік контекст. Тілдің коммуникативті-прагматикалық қызметін зерттеу, антропроцентристік бағыттағы жаңаша ізденістеріне алып келді. Адамдық фактормен байланыстыра отырып зерттеу, қоғам мүшелерінің сөйлеу мәндерінің арақатынасын, адамдардың сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауының прагматикалық бағдарын, олардың қолданысындағы сөздердің сан алуан құбылыстарын, «әрекеттердің» мағынасын ашып, мәнін білу, адам мен сөз мәселесін толық тануға алып келді. Осы тұрғыда тіл білімі мен заң ғылымдары салаларының тікелей байланыстығы негізінде лингвистикалық сараптама ұғымы қалыптасты.

Лингвистикалық сараптама дегеніміз – заңдық тұрғыда маңызы бар ақпараттарды нақтылау мақсатымен, өкілетті тұлға немесе орган тағайындайтын лингвистикалық зерттеулердің, процессуалдық-заңдық аспектіде құқықтың тиесілі процессуалдық салаларымен реттелетін қызметтің түрі [1, б. 8]. Сараптаманың бұл түрі нақты дәлелді ақпарат алудың тәсілі немесе құралы, сараптамалық дәлелдік ақпаратты басқа жолдармен немесе тәсілдермен алу мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Сот-лингвистикалық сараптамасының нысаны даулы мәтін болғандықтан, ол міндетті емес сараптамалық зерттеудің түріне жатады [2, б. 13].

Лингвист-сарапшылар дайындаған сараптама қорытындысының заңдық негіздегі күшіне, әлеуетіне тергеуші, сот органдары процессуалдық істің басқа дәлелдерімен салыстыра отырып, баға береді. Сот-лингвистикалық сараптамасы нәтижесінде анықталатын басты мән – нақты іс бойынша дәлелдеуге жататын фактілер мен мән-жайлар, арнайы білімді қажет ететін мәселелерді лингвистика салалары арқылы шешу болып табылады.Сот

лингвистикалық сараптамасының мәні іс үшін маңызы бар және табиғи тілдің ауызша және жазбаша сөйлеуінде болуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын зерттеу негізінде анықталған фактілер мен мән-жайлар болып табылады, олар құқық қолданушының кең таралған ақпаратты диффамациялық деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдауына негіз бола алады.

Лингвистикалық сараптама бірінші кезекте заң ғылымы бойынша білімі бар лингвист-мамандардың, филологиялық білімді игерген заңгерлер мен филолог-мамандар айналысатын асқан жауапкершілікті қажет ететін сараптама. Лингвистикалық сараптаманың бірнеше түрі бар:

Автортану сараптамасы: аталған зерттеу кез-келген туындының авторын анықтауда, плагиат жұмысын, стильдік тұрғыдағы ұқсастықта күмән тудырған жағдайда «шығарманың авторы нақ осы тұлға болып табыла ма?» деген сұраққа жауап беретін зерттеу түрі болып табылады.

Мағыналық және семантикалық сараптама: мұндай түрдегі зерттеулер адамның арнамысын қорлайтын сөздер мен жала жабулар, халықаралық және дінаралық деңгейдегі қақтығыстарды туғызатын белгілі бір адресатқа бағытталған сөз бен сөз тіркестерін зерттейді.

Атаулар сараптамасы – сараптаманың бұл түрі графикалық және дизайнерлік мамандармен байланыса отырып белгілі тауар маркаларының қайталануы мен тауар атауларының әдеби тіл нормаларына сай келуі, мазмұнында негатитвті атауларды жариялауды зерттейді [3, б. 52].

Лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде тіл мен сөйлеу құралдары арқылы мәліметтерді бекіту, бағалауыштық пайымдауларды, сондай-ақ мәтін авторының субъективті пікірін ажырату аса маңызды рөл атқарады. Сараптаманың бұл түрі қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істерді қарау кезінді жүргізіледі. Оның басты мақсаты ретінде ауызша, не болмаса жазбаша түрде берілген бағдарламаны бағалау болып табылады. Сот филологиялық немесе лингвистикалық сараптамасының негізгі мәні бұл – нақты белгілі бір іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар мен фактілер, арнайы сол саладағы білімді қажет ететін мәселелерді лингвистика саласы арқылы шешу болып табылады.

Тілдік құбылыстарды зерттеуде антропоцентрлік көзқарас, бүгінде лингвистиканың басты доминанты болып есептеледі. Филологиялық зерттеулерде адамға назар аудару, ең алдымен, қазіргі ғылымда тіл мен адам факторының тығыз байланысын мойындауымен түсіндіріледі. Тілдік деңгейде адам өзін қоршаған шындыққа деген көзқарасын айқын және бейнелі түрде түсіндіруге, яғни оның бағасын білдіруге мүмкіндік алады.

Баға жайындағы пікірлер алғаш Аристотельдің еңбектерінде кездескен. Ғұламаның ойынша алдымен бағаны қабылдауға икемді объект түрлерін көрсетіп, одан кейін баға мәнін беретін сөздерді тауып, оның мағынасын ашу қажет. Қоршаған дүниенің өзі бағалаудан тұрады. Ес білген кезден бастап адамзат баласы жақсы мен жаман, ыстық пен суық, ащы мен тәтті секілді белгілерді ажыратып бағалайды.

Ұзақ уақыт бойы бағалау категориясы аксиология тұрғысынан қарастырылып келді, дегенмен соңғы онжылдықтарда ол көптеген лингвистикалық зерттеулердің маңызды объектісіне айналды. Сонымен қатар лингвистиканың нақты анықталған антропоцентрлік бағыты – тілді қоғамның негізгі құндылықтар жүйесінің айнасы ретінде қарастыратын аксиологиялық көзқарасты қалыптастырды [4, б. 58]. Ғалымның пікірімен толықтай келісуге негіз бар, себебі тілді антропоцентрлік яки антропоөзектіктік бағытта қарастыру арқылы, ғаламның тілдегі бейнесі қалыптасады. Белгілі бір субъектіге баға беру, тіл арқылы көрініс табатындығы белгілі, сол себепті де тіл құбылысын антпроөзектілікпен бірлесе отырып зерттеуіміз қажет.

Бағалау ұғымының негізгі қызметі – белгілі бір зат немесе құбылыс жөнінде ой-пікірді пайымдау болып табылады. Белгілі ғалым, профессор Б.Қ. Момынова бағалау ұғымы тіл+ойлау+шындық трихотомиясының нәтижесі екендігін айта отырып, баға ұғымына «адам санасындағы үздіксіз жүріп жатқан процесс және ол адамның ойлау қабілеті арқылы жүзеге

асатын интеллектуалды-психикалық акт» - деп анықтама береді [5, б. 18]. Тілдік бағалаудың құрылысы белгілі бір ғылыми білімге де, күнделікті сананы сипаттайтын фактілерге де негізделген. Сондай-ақ, тілдік бағалау адамдардың ұлттық немесе тарихи дамуына қатысты танымдық тәжірибе ретінде қарастырылады. Адам тіршілік ету процесінде кез-келген құбылыстардың, фактілердің немесе заттардың маңыздылығы мен қатар әлемді суреттеу картинасын бағалауыштық пайымдау арқылы ажыратады.

Сонымен қатар Н.Е. Кузнецова мен Е.В. Шевченконың анықтамаларында бағалаудың прагматикалық бағытын атап көрсетеді: «Бағалау дегеніміз – субъектінің белгілі бір қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру қабілетін ескере отырып, субъектінің маңыздылық дәрежесін анықтау процесі және нәтижесі, бұл дегеніміз – объектінің прагматикалық маңыздылығын анықтау» [6, б. 71-78]. Бағалау ұғымына берілген бұл анықтама өте негізді анықтамалардың бірі. Себебі, прагматика ұғымының негізгі мәні тілдік факторларды адам қызметіндегі аспектіде зерттей отырып, объектіге қатыстылығының мәнін көрсету болып табылады.Субъект пен объект арасындағы байланыстылықтың мәнін анықтай отырып, оларға баға беруде тілдің прагмалингвистикалық қызметінің мәні өте зор болып келеді.

Бағалау өрнегіндегі субъективті және объективті принциптер біртұтас кешен болып табылады. Субъективті компонент бағалау субъектісінің объектіге оң немесе теріс қатынасын болжайды, ал объективті бағалау компоненті бағалау жасалатын объектілердің немесе құбылыстардың жеке қасиеттеріне назар аударады.

Бағалау тұрғысынан субъективті және объективті қатынас бір-бірімен тығыз байланысты. Е.М. Вольф кез келген бағалаудың пайымдау тақырыбын және оның объектісін (яғни, бағалау жататын объект, жеке тұлға немесе құбылыс) бірдей қарастыратындығын көрсетеді, бірақ сонымен бірге бағалау мәлімдемесі, субъективтілігі мен объективтілік құрылымындағы субъект пен объектінің қарсылығы бірдей емес екенін баса айтады [7, б. 55]. Ал ғалым В.Н. Телия бағалаудың субъектісі туралы ұғымға кеңірек тоқтала отырып, оның белгілі бір адам не ұжым, қоғамның бір бөлігі немесе толығымен қоғамның өзі екендігін айтады [8, б. 64]. Жалпы алғанда, бағалаудың әлеуметтік шарттылығын субъектінің сипаттамасының объективті компоненттері деп атауға болады, өйткені ол белгілі бір объект туралы стереотиптік идеяларды қалыптастырады және жалпы бағалау шкаласын анықтайды. Өздеріңіз білетіндей, әрбір қоғам әлемнің құндылық бейнесімен, адамның аксиологиялық бағыттарын қалыптастыратын арнайы бағалау шкаласымен сипатталады. Осы орайда ғалым Л.А. Сергеева « бағалау түрлерін анықтаған кезде екі бірдей құбылыс бір-бірімен сабақтасады: объектіні аксиологиялық тұрғыдан интерпретациялау мен сол берілген бағаны интерпретациялау» деген пікірді білдіреді [9, б. 21].

Субъект, оқиға және оны бағалау – сот лингвистикалық сараптамасының негізгі нысандары болып табылады. Осы негізде заң ғылымы мен лингвистика салаларының түйісетін тұсын анықтауымызға болады. Мысалы, субъектінің сөз қолданысына, сөйлеу мәнеріне талдау жүргізу арқылы оның түпкі ниетін, қандай прагматикамен айтқандығын анықтау, және ол ниетін, ойға алған мақсатын шешу үшін тура немесе жанама түрдегі тілдік құрылымдарды қолданғаны тіл ғылымы, яғни лингвистка үшін маңызды болса, заң саласында да азаматтық, қылмыстық я қылмыстық іске тартылған субъектінің жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс, абырой және іскерлік беделіне нұсқан келтіруде, белгілі бір оқиғаға қатысты қасақана ниетінің болғаны я болмағаны маңызды болып табылады. Екі ғылым саласын бір арнада қараудың нәтижесінде юрислингвистика немесе заңнамалық лингвистика ұғымы қалыптасты. Тіл мен құқық саласын белгілі бір жүйеде байланыстыра қарастыра отырып, сөз қақтығыстарының тілдегі көріністерін зерттеу басты нысанға алынады. Н.Д. Голев бұл ұғымға «заңнамалық лингвистика – тіл мен заң ғылымдарының түйіскен тұсында пайда болған қолданбалы лингвистиканың саласы» - деп анықтама берген болатын [10, б. 4-11]. Ғалымның пікірі бұл терминнің мәнін, мағынасын толық түсінуге бағдар береді деп айтуымызға болады.

Қазіргі таңда төртінші билік көзі саналатын БАҚ материалдарындағы жарияланымдар белгілі бір оқиғаны баяндап қана қоймай, оған автордың ұстанымын, жекелеген пайымдарын, сол оқиғаға баға беру мен өзіндік пайымдауын көрсетеді. Автор өз көзқарасын білдіруі үшін субъективтік- бағалауыштық тілдік құрылымдарды пайдаланады. Мысалы, «Жас Алаш» газетінде 2021 жылдың 14 қазанында жарық көрген «Қор болған тіл» мақаласындағы автордың оқиғаға баға беруіне, пайымдау жасауына талдау жасайық. Мақаланың атауынан-ақ автордың оқиғаға деген жағымсыз көзқарасын байқаймыз, ал мазмұнында кездесетін сөздік қолданыстар соның айғағы. «Жарты құдай болып жүрген әкімқаралар ол бар. Отыз жылда таза қазақ тілінде бір ғана заң даярланыпты. Қалғаны қай тілде даярланатыны әмбеге аян.» Берілген үзіндідегі бейтарап «әкім» сөзі, «әкімқара» сөзінде біріккен сөз формасында қолданыла отырып, тілдің бірліктің жағымсыз мағынасын арттырып отыр. Осы реттегі «қара» сөзімен байланысты ассоциация да , жағымсыз атау мағынасын жасауда белгілі бір рөл атқарып тұрғандығын байқаймыз. Сонымен қатар контексте кездесетін жарты құдай тіркесі де өз кезегінде автордың жағымсыз баға беруін танытады. Бұл тіркесті қолдану, оқиғаға байланысты берілген баға сапасына эмоционалды-экспрессивтік реңк беріп, қосымша мағына үстеп тұр. Тілдік қолданыстығы жұртқа танымал, белгілі деген мағына беретін «әмбеге аян» тіркесі, берілген контексте бастапқы мағынасын өзгертіп, оқиғаға байланысты автор тарапынан мысқыл, кекесін мағынада жұмсалып тұрғандығын байқауымызға болады. Мақалада автор тарапынан берілген тура бағалану да кездеседі: «Алайда биліктің тілі осылай орыс болып қала беретін болса, мыңдаған таза орыс және мыңдаған аралас мектеп тұрғанда қазақ тілінің көсегесі көгере қояды деу қиын-ау».

Жағымсыз ақпарат немесе баға беру фактологиялық-деректік, яғни адамдардың іс-қимылдары, қылықтары немесе оқиға туралы немесе белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделген, қандай-да бір жеке немесе топтық әлем бейнесінде әрекет ететін субьективті пікірді қамтитын болуы мүмкін. Жағымсыз бағалауыштық ақпарат пікірдің бір түрі ретінде шындыққа сәйкестігі талабы тұрғысынан, яғни ақиқат немесе жалған деп қарастырылмайды.

Бағалауыштық сөз мағынасының құрылымы күрделі компоненттерден тұрады. Мағына құрылымында ақпаратты жеткізу түрлерінің сан-қилылығын көрсететін семантикалық компоненттер – макрокомпонент және микрокомпонент болып бөлінеді [11, б. 125]. Макрокомпоненттің құрамына денотативті-сигнификаттық және коннотативтік мағыналарды жатқызуымызға болады. Коннотация дегеніміз бұл – сөз мағынасының бағалауыштық, ассоциативтік, эмоционалдық, стилистикалық компоненті. Тілдік сөйленістен немесе мәтіндерден оқиға, дерек немесе тұлғаға байланысты бағаны анықтауда мағыналық қабатында сапа, сын элементтерін ұамтитын бағалауыштық, эмоционалды-экспрессивтік, модальды сөздер мен синтаксистік құрылымдар басты назарға алынады. Коннотациялық компонет прагматиканың бір мүшесі болып табылатындықтан, сөздің семантикалық құрылымына тікелей қатыспайды, тек мағынаға қосымша я үстеме түрде әсер етіп отырады. Коннотация ұғымын арнайы зерттеген ғалымдар: «Коннотаттық мағына бөлігі баға мен эмоциядан тұрады. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды қабылдағанда, адам санасында сол заттардың өздерінен эмоция туындауы мүмкін және сол заттар мен құбылыстарға деген баға қалыптасу мүмкін» - деп пікір білдіреді [12, б. 78]. Сонымен қатар конфликтогенді мәтіндердің құрамында инвективті лексика көп кездеседі. Инвективті сөздер дегеніміздің өзі - балағат, әдепсіз формадағы тұлғаға тіл тигізетін сөздер болып табылатын, латын тілінен аударғанда «балағат сөйлеу» деген мағынаны білдіретін сөздер. Ал заң саласындағы көзқарас тұрғысынан инвективті лексика – бұл өз семантикасының, яғни мағынасының эмоционалды-экспрессивті реңкі мен бағалауыштық қабаты мазмұнында сөйлеушінің немесе жазушының тілдік актіде адресатты не үшінші бір тұлғаны қорлау, абыройын төгу, кемсіту ниетін қамтитын өте дөрекі, кекесін түрінде жеткізілетін сөздер мен сөйленістер. Инвективті лексиканың құрамына жаргондар мен арголар, диалектілерден алынған әдеби емес ұрыс, балағат сөздер, әдеби тіл құрамына енетін қарапайым тілдік дөрекі лексика, әдеби, бірақ нормаға сай емес сөздер жатқызылады.

Баспасөз материалдары қоғамдық мүддені көздей отырып, орын алған келеңсіз оқиғаларды өзіндік тұрғыдан сынау,баға беру арқылы оқырманға ықпал ету ниетін мақсат етеді. Бұл ретте белгілі бір ақпар, мәселенің жайын түсіндіре келіп, журналист оған қатысты өз пайымын, көзқарасын білдіріп, талдау жасауы оның кәсіби міндеті ретінде заңмен қорғалады. Автордың немесе журналисттің қандай да бір оқиға туралы хабарламасы және оған қатысты өзіндік субьективтік оң немесе теріс көзқарасы, яғни бағасы тура я жанама түрде білдірілуі мүмкін. Әсер ету күшіне жекелеген сөйленістермен бірге, тұтас мәтін де ие болады. Осы тұрғыда лингвист-сарапшы шешіміне тілдік қайшылықтарға байланысты соттық іс барысында ұсынылатын мәселелер, нақтырақ айтқанда көпшілік алдында сөйленілген сөздің , баспасөз материалдарының жұртқа, қоғамдық ортаға әсер ету, ықпал ету күшін сараптау қызметтері кіреді.

Кез келген мәтін, дискурс, тілдік сөйленімге өзіндік бағалау беріледі.Ол баға жағымды немес жағымсыз болады деп жоғарыды айтып өткен болатынбыз. Ендігі кезекте, Бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан автордың оқиғаға қатысты оң баға беруі жайлы айтатын болсақ. Мысалы, «Ана тілі» газетінде 2021 жылдың 29 қазанында жарияланған «Бекжан Мейірбаев: Болашақ – сол мүмкіндік беретін бағдарлама» мақаласында автор тұлғаға оң баға береді. Нақты үзінділер келтіріп өтетін болсақ. «Болашақпен ғылымдағы жолын даңғылға айналдырған кейіпкеріміз «әрбір стипендия иегері өз тәжірибесі мен білімін қоғам пайдасына жаратып, өзгелерге үлгі болуы тиіс», – деген ойын жеткізеді. Келтірілген мысалда, автор сұқбат беруші тұлға жайлы «ғылымдағы жолын даңғылға айналдырған кейіпкер» деп оң баға бере отырып, «Болашақ» бағдарламасының ұтымды жақтарын, пайдасын бұқара қауымға жеткізіп отыр.

Заңнамалық лингвистиканы зерттеумен айналысып жүрген тіл білімінің мамандары жоғарыда көрсетілген мәселе, дәлірек айтқанда баға беру яки бағалауыштық пайымдау жайында біршама мәрте зерттеу жұмыстарын жүргізді. Дегенмен, олардың басты назары сот сараптамалық тәжірибеде өзекті мәселеге айналған факт туралы мәлімдемелер мен құнды пікірлерді ажыратудың нақты әдістемесін жасауға ауып отыр. Соның негізінде заңнамалық лингвистика (юрислингвистика) лингвист-сарапшының алдында тұрған негізгі міндет және оны шешудің қалыптасқан тәсілдерін түсінуге арналған жұмыстарға қажеттілік туындайды.

Қазіргі таңда заң саласында құқықтық реттеуге жататын ахуалдың модельденуі жайлы айта кеткен жөн. Мәселен, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсанында қабылданған Азаматтық кодексінің 143-бабында (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ ) адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратуға тыйым салынады. Осы баптың негізінде тұлға өзінің ар-намысына, беделіне, қадір-қасиетіне кір келтіретін мәліметтерді теріске шығаруға құқығы бар. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңмен қорғалатын әрбір азаматы мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен қатар, аталған мәліметтердің таратылуынан туындаған залалдың және моральдық тұрғыдан келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы бар. Ал мұндай мәліметтердің қатарына тұлғаның қолданыстағы заңнаманы, моральдық нормаларды және іскерлік әдеп нормаларын бұзғаны туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер жатады. Аталған мәліметтер берілген фактті бекіту формасында болуы, әрі шындықтан алшақ болуы тиіс. Егер факт туралы бекіту нысанындағы тұлғаға қатысты оның көрсетілген нормаларды бұзғаны туралы шындыққа сәйкес келетін ақпарат таратылған болса, онда мұндай ақпарат осы тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіреді деп есептелмейді. Демек, бұл жағдайға заңмен тыйым салынбайды. Сондай-ақ, заң тұрғысынан адам туралы теріс ақпаратты бағалау, пікірлер, болжамдар түрінде таратуға рұқсат етіледі. Мұндай ақпарат теріске шығаруға жатпайды.

Қарастырылған модель, ол нақты болуы мүмкін және заңнама, жағдайлар тұрғысынан болмауы керек, сипаттамалық (сипаттамалық) емес, рецептивті қасиетке ие. Егер біз заң саласында қалыптасқан модельді шындықпен, фактілермен салыстыратын болсақ, онда оның шектеулерін көруге болады, бұл оған қайшы келетін бірқатар мәлімдемелер осы модельден тыс қалады. Сонымен, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, факт туралы мәлімдеме түрінде

ғана емес, сонымен қатар пікір, болжам түрінде, сондай-ақ сәйкес келетін және шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат түрінде де ақпарат бұрмалануы мүмкін. Басқаша айтқанда, заң саласында қарастырылған жағдайлар моделі сипаттамалық сапада мүлдем маңызды емес, дегенмен ол шындықпен байланысты емес, нақты фактілерден ажыратылмаған. Біз айтып отырған құбылыстың сипаттамасы – экстремизм ,қорлау және тағы да өзге деректер емес, бірақ кез-келген фактілерге қатысты мінез-құлық сызықтары туралы және сол ұғымға қатысты конвенция болып табылады.

Атқарылған зерттеудің нәтижесінде, факт туралы мәлімдеме сияқты тұлға туралы ақпаратты білдірудің осындай келтірілген формаларға қарсы тұру, екінші жағынан, баға беру,пайымдау, пікір, сенім ұғымдарын заңды түсіну нәтижесінде пайда болған сипаттама аспектісінде қарастыруға болмайды. Ол мәлімдемелердің шынайы қарсылығын көрсетпейді, бірақ оны тілдің әртүрлі деңгейлерінде (лексема, мәлімдеме, мәтін деңгейінде) сипаттамалық және бағалау ақпаратының, яғни субъективті және объективті қатынасын сипаттайтын лингвистикалық теориялармен байланыстыруға болады.

Тіл ғылымы саласын заң ғылымымен байланыстыра зерттеудің нәтижесінде заңнамалық лингвистика немесе юрислингвистика ұғымы қолданысқа енген болатын. Тіл және тіл саясатындағы заңнамалы-лингвистикалық аспектілерді қалыптастыра отырып, Заңнама тілінің арнайы құқықтық коммуникацияға қызмет етуін жүйелеу – заңнамалық лингвистиканың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі күндегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы не интернет желілеріндегі даулы мәтіндерге баға беру, өзіндік пайымдау жасау, заң саласында кең түрде белең алып жатыр деуімізге болады. Автордың оқиғаға қатысты ойын, негізгі ұстанымдарын, прагматикасын оның сөздік қолданысынан, тілдік құрылымдарды қолдануындағы ерекшеліктерінен зерделеу лингвист-сарапшыға жүктелетін міндет болып табылады. Талдау жүргізу барысында сарапшы, жағымсыз мән тудыратын сөздер мен сөйлемдердің құқық субъектісінің қадір-қасиетіне, ар-намысына, абыройына, іскерлік-беделіне, адамгершілік күйзеліске қатысына басты назар аударуы керек. Осы негізде сот-лингвистикалық сараптамасы нысанының бірі ретінде саналатын – бағалауыштық пайымдау ұғымы терең зерттеуді қажет етеді.

Адам баласы өмірден жинақтаған тәжірибесінің негізінде қоршаған дүние мен оның құбылыстарыны өзіндік баға береді. Баға – бұл құндылықтар жүйесі, ал құндылықтар жағымды немесе жағымсыз, оң немесе теріс түрдегі бағалау болып табылуы мүмкін. Бағалау дегеніміздің өзі – тілдік сөйленісте, қарым-қатынаста өмір сүретін қоғамдық мәні зор, лингвистикалық категория. Оның атқаратын негізгі қызметі – белгілі бір зат яки құбылыс жөнінде ой-пікірді пайымдау болып табылады. Жағымды немесе жағымсыз сипатты қандай да бір нысанға қатысты айта отырып, субъект өзіндік тұрғыда баға береді. Демек, бағалау – әрбір адамның санасында үздіксіз жүріп жататын үдеріс және ол ойлау қабілеті арқылы жүзеге асырылып, тіл арқылы көрініс табады. Бағалауыштық пайымдау ұғымы қазіргі таңда өз кезегінде лингвистика және заң ғылымдарының негізгі зерттеу нысанындарының біріне айналып отыр.

Әрбір адам үшін, ең алдымен, өзіндік бағалау шкаласы маңызды және бұл сыртқы, яғни жалпы не әлеуметтік тұрғыдан анықталған құндылықтар мен ішкі, таза жеке бағалау жүйесін біріктірудің нәтижесі. Жалпы, қазіргі тіл білімінде лингвоаксиология деп атауға болатын жаңа зерттеу бағытын қалыптастырудың белсенді процесі жүріп жатқанын атап өткен жөн. Бұл табиғи нәрсе: зерттеушілерге дүниетанымның негіздерін түсіндіруге және белгілі бір әлеуметтік-мәдени жағдайда өмір сүретін жеке адамның да, бүкіл тілдік қоғамдастықтың да әлемнің құндылық бейнесін белгілеуге қабілетті көптеген аспектілерін ескере отырып, кең мағынада тілдік бағалауды зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағалауыштық пайымдау – бұл белгілі бір түрдегі субъективті пікірді қамтитын шешім. Бағалау өрнегі мәтінде белгілі бір бағалауыштық лексика мен конструкцияларының болуымен танылады, мысалы, сөйлеудің эмоционалды-экспрессивті құрылымдарын, олардың мағынасындағы элементтерінің немесе олардың нақты түрлерін ажыратуға болады. Бағалау туралы мәлімдемелер теріс және оң бағалануы мүмкін. Белгілі бір объектіге баға

беру арқылы оның құндылығы немесе құнды емес екендігі анықталады. Егер қандай да бір нақты жеке тұлғаға тікелей бағытталған немесе сипаттайтын жағымсыз мәндегі сөздер мен сөз тіркестері болатын болса, оларды қолдануға жол берілмейді.

Бағалау объектісі – белгілі бір құндылыққа кең мағынада жатқызылған объект;

Бағалау субъектісі – оң немесе теріс бағалауды білдіретін тұлға. Сондай-ақ, субъектілерді екі түрге бөліп қарастыруымызға болады: бірі – бағалау жүргізілетін және субъект үшін құндылығы жоғары объектке бағалау жүргізу.

Бағалау маркерінің негізі – мақұлдау немесе айыптау кезіндегі субъектінің позициясы,ұстанымдары, сонымен қатар дәлелдері болған жағдайда бағалау мүмкін болады.

Бағалауыштық пайымдауды ұғымын сот-лингвистикалық нысанының бір түрі ретінде зерттеу, қазіргі медиа ортада – бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет желілерінде және қоғамдық қарым-қатынас кезінде даулы жағдайларға байланысты туындайтын мәтіндердің, яғни конфликтогенді мәтіндердің ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы сот істерінің көбеюіне байланысты болып келеді. Адамның құқықтары мен жеке басын қорғау қазіргі қоғамдағы басым құқықтық бағыт болып табылады. Сарапшы-лингвисттің қорытындысы осы санаттағы азаматтық істердің негізгі дәлелі болып саналады, сол себепті де сот-лингвистикалық сараптамасын жүргізуде бағалауыштық пайымдаудың атқаратын қызметін анықтау, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі ретінде саналады.

***Қолданылған дереккөздер тізімі:***


1. Ярощук И.А., Жукова Н.А., Долженко Н.И. Лингвистическая экспертиза: учебное пособие / – Белгород : ИД «БелГУ» НИУ «БелГУ», 2020. – 96 с.

2. Таусоғарова А.Қ. Сот лингвистикалық сараптама мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 114 б.

3. Жалмаханов Ш.Ш., Жалмаханова Ж.Ш.// ҚР ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы. – 2012. – №3-4.

4. Залесова Н.М. Понятие и место категории оценки в языке. Вестник Амурского государственного университета. Серия «Гуманитарные науки». - 2003. - Вып.20.

5. Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 139 б.

6. Кузнецова Н.Е. К вопросу о некоторых способах выражения оценки . Язык. Текст. Стиль: сб. науч. тр. / Курганский гос. ун-т. - Курган, 2004.

7. Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки – М., 1985. – 232 с.

8. Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері. Фил.ғыл. докторы...дисс. – Алматы, 2015. – 180 б.

9. Сергеева Л.А. Проблемы оценочной семантики. – М.: Издательство МГОУ, 2003. – 185 с.

10. Голев Н.Д. От редактора: Юрислингвистика: на стыке языка и права // Юрислингвистика-1: Перспективы: Межвузовский сборник научных трудов. – С. 4-11.

11. Дюсембина Г.Н. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі. Фил.ғыл. докторы. ...дисс. – Алматы, 2016. – 167 б.

12. Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в современном русском языке. Дисс. ...д. филол.н. – Алматы, 1997. – 287 с.


**Авторлар туралы мәліметтер**


*Атаханова Г.М.* – з.ғ.к., профессор, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ.
*Бакыт С.Б.* – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты.
*Советхан Ш.Д.* **–** Қ.А. Яссауи атындағы университеттің оқытушысы.

*Атаханова Г.М.* – к.ю.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби.
*Бакыт С.Б.* – магистрант КазНУ имени аль-Фараби.
*Советхан Ш.Д.* **–** преподаватель университета им. К.А. Яссави,

*Atahanova G.M.* – Candidate of juridical sciences, professor al-Farabi Kazakh National University
*Bakyt S.B.* – Master degree student, al-Farabi Kazakh National University
*Sovetkhan SH.D.* – Lecturer, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University.

УДК 343.148
МРНТИ 10.85.01

**А.Б. Шарипова[1], Д.С. Мырзағали[1], А.С. Батжанова[1]**

[2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

# ҚОРЛАУ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША САРАПТАМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тіл – қарым-қатынас құралы, ой-пікірді жеткізуші ретінде қоғамға қызмет етеді. Осы функцияны атқара отырып, субъектілер тарапынан өзінің қолданылуы кезінде олардың арасындағы түсіністікпен бірге сот төрелігін, заңның араласуын қажет ететін тілдік қақтығыстардың пайда болуына да жол береді.

Мақалада қорлау туралы істер бойынша сот-лингвистикалық сараптамасының теориялық негіздері, сондай-ақ сараптамалық міндеттерді шешу әдістемесі қамтылған. Қорлау ұғымына жан-жақты талдау жасалып, тұрмыстық, лингвистикалық және заң тұрғысынан кеңінен түсіндіріледі. Қорлау жағдайындағы істер бойынша сараптама жүргізудегі тілдік аспекттің маңызы зерттеліп, әдепсіз форма элементі, қорлау фактісін анықтау, сөздердің семантикасына лингвистикалық талдау жасау және тағы да басқа тақырыпқа қатысты өзекті мәселелер қарастырылады.

Автор зерттеу барысында сарапшының негізгі міндеті, шешілуге тиіс сұрақтар, сарапшы құзіреттілігіне не кіреді, лебізде қорлаудың бар-жоғын қалай анықтаймыз деген сұрақтарды зерделеген. Сөз қақтығысы, даулы мәтінді зерттегенде барлық аспектілер талданбаса да, мақалада сот-филологиялық зерттеудің әдістемелік негіздері берілген және сараптама жүргізудегі кей мәселелерге назар аударылады. Еңбекте сот-лингвистикалық сараптаманың тоғыспалы сипаты анықталып, аталған іс бойынша зерттеу жүргізуде филологиялық білімнің маңызы ерекше екендігі айқындала түседі.

**Түйінді сөздер:** сот-лингвистикалық сараптама, құқық, қорлау, инвективті лексика, әдепсіз форма, тілдік аспект, сарапшы.

---

**Теоретические основы экспертизы по делам об оскорблениях**

Язык – основное средство общения и служит для выражения мысли. Выполняя эту функцию, субъекты при своем применении вместе с пониманием между ними допускают и возникновение языковых конфликтов, требующих правосудия, вмешательства закона.

Статья содержит теоретические основы судебно-лингвистической экспертизы по делам об оскорблениях, а также методику решения экспертных задач. Дается всесторонний анализ понятия оскорбления и широко трактуется с бытовой, лингвистической и юридической точек зрения. Исследуется значение языкового аспекта при проведении экспертизы по делам об оскорбление, рассматриваются актуальные вопросы, связанные с элементом нецензурной формы, выявлением факта оскорблений, лингвистическим анализом семантики слов и др.

В ходе исследования авторами были изучены основные задачи эксперта, вопросы, которые должны быть решены, что входит в компетенцию эксперта, как мы определяем наличие оскорбления в высказываниях. В статье не проанализированы все аспекты конфликта слов, при изучении спорного текста, но даны методические основы судебно-филологического исследования и уделено внимание некоторым вопросам в проведении экспертизы. В труде выявляется перекрестный характер судебно-лингвистической экспертизы, выясняется, что филологическое образование имеет особое значение при проведении исследования по данному делу.

**Ключевые слова:** судебная лингвистическая экспертиза, право, оскорбление, инвективная лексика, нецензурная форма, языковой аспект, эксперт.

---

**Theoretical foundations of examination in cases of insults**

Language is the main means of communication and serves to express thoughts. By performing this function, the subjects in their application, together with the understanding between them, allow the emergence of linguistic conflicts that require justice, the intervention of the law.

The article contains the theoretical foundations of forensic linguistic expertise in cases of insults, as well as the methodology for solving expert problems. A comprehensive analysis of the concept of insult is given and is widely interpreted from the everyday, linguistic and legal points of view. The significance of the linguistic aspect during the examination of cases of insults is investigated, topical issues related to the element of obscene form, identification of the fact of insults, linguistic analysis of the semantics of words, etc. are considered.

In the course of the study, the author studied the main tasks of the expert, the issues that need to be resolved, what is within the competence of the expert, how we determine the presence of insults in statements. The article does not analyze all aspects of the conflict of words in the study of the disputed text, but provides methodological foundations of forensic philological research and pays attention to some issues in the examination. The work reveals the cross-nature of forensic linguistic expertise, it turns out that philological education is of particular importance when conducting research on this case.

**Key words:** forensic linguistic expertise, law, insult, invective, obscene form, linguistic aspect, expert.

Тіл – ойлау құралы. Тұлғаның ойлау қабілеті тілдік құралдарға негізделген. Қазақ мақалы адамға келер *он бәленің тоғызы тілден* деп сақтандырады, себебі, тіл коммуникативті қызметті атқара отырып, адамдар тарапынан өзінің қолданылуы кезінде олардың арасындағы түсіністікпен бірге тілдік қақтығыстардың пайда болуына да жол береді. Яғни, адамның әртүрлі құбылысқа байланысты қалыптасқан өзіндік танымы, түсінігі мен білімі, санасында жүріп жатқан ойлау процессі тілден, оның сөзінен көрініс табады. Кез келген тілдік қорды әдеби нормативтік лексика және инвективті лексика құрайды. Инвективті лексика – латын тілінен алынған: invektiva «балағаттау» деген мағынаны білдіріп, дөрекі, балағат, боқтық және тағы да басқа сөздер жиынтығын құрайды [1, 19 б.].

Осы тұста құрамы инвективті лексикадан тұратын «қорлау» ұғымына қысқаша шолу жасайық. Бірінші мәселе ол-қорлау ұғымын тұрмыстық, лингвистикалық және заң тұрғысынан тиісінше ажыратпау. Күнделікті ауызекі сөйлеу барысында субъектінің қабылдауы бойынша белгілі бір дәрежеде оның көңіліне жағымсыз әсер ететін, не адресаттың түсінігінде оған зиян келтіретін кез-келген мәлімдеме қорлауға жатады. Мұндағы басты мәселе-адамның қабылдауы, яғни мәлімдемені қорлау ретінде субъективті бағалау. Тұрмыстық мағынада қорлау әдеби тілдің кез-келген сөзі немесе сөз тіркесі болуы мүмкін. Бұл әсіресе қазіргі заман шындығында өткір мәселе болып табылады, себебі тіпті ең зиянсыз фраза немесе комплимент адамның субъективті көзқарасы аясында қорлау есебінде саналып, жан-жалға себеп болуы мүмкін. Қорлау – сөйлеуші тарапынан тілдік актіде адресатты, яғни тұлғаны қорлау, абыройын төгу, кемсіту ниетін көздеп, адресатқа өте дөрекі, балағат, боқтық және тағы да басқа инвективті лексиканың айтылу үдерісі.

Қорлаудың құқықтық анықтамасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131-бабында берілген, яғни, әдепсіз түрде басқа бір тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетін кемсіту қорлау ретінде танылады [2, 65 б.] Сот және тергеу тәжірибесі көрсеткендей, бұл анықтама қазіргі уақытта қылмыстық құқық нормаларында қолданылады. Әкімшілік құқықта да, азаматтық және қылмыстық құқықтар үшін де қорлаудың объективті жағының міндетті белгісі– әдепсіз форманың көрінісі. Әдепсіз форма - ол дөрекі, балағат, арсыз сөздер мен тіркестер. Яғни, заң ғылымында моральдық нормаларға, қоғамдағы мінез-құлық ережелеріне қайшы келетін, адамды негізсіз кемсіту әдепсіз форма деп түсіндіріледі. Дегенмен, кез келген бейнормативті лексикаға жататын сөзді «қорлау» санатына жатқыза алмаймыз. Сөздің мағынасы әдеби немесе ауызекі сөйлеу формасында да болады. Бұл форма нормативтік лексиканың дәрежесінде қалады, яғни моральдық тұрғыдан айыпталуға жататын болса да, ол әдепсіз деп танылмайды. Белгілі бір адамға қарата айтылған сын, оның жағымсыз іс-

әрекетіне, қасиетіне, оған қатысты теріс пікір айту, әдепті түрде адамның мінез-құлқындағы кемшіліктерге назар аудару «қорлау» деп есептеуге жеткіліксіз.

Тілдік аспект - Қорлау туралы істерде негізгі кілт қызметін атқарады, яғни, қандай да бір лексикалық немесе фразеологиялық бірліктің мәртебесін - әдепсіз, дөрекі деп белгілеу үшін, қандай тілдік сипаттамалары болуы керек екенін анықтайды. Лигнвистикалық аспектіде «қорлау» деп танылған сөздің не сөз тіркесінің уәжіне, мағыналық жағына назар аударылады. Кез келген тілдік қорды әдеби нормативтік лексика және әдепсіз, балағат лексика құрайды. Қорлау – сөйлеуші тарапынан тілдік актіде адресатты, яғни тұлғаны қорлау, абыройын төгу, кемсіту ниетін көздеп, адресатқа өте дөрекі, балағат, боқтық және тағы да басқа инвективті лексиканың айтылу үдерісі. Қылмыстық, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарда қаралатын кемсіту мен әдепсіз тілдік қолданыстардың лингвистикалық белгілері – қорлау туралы істер бойынша сот-лингвистикалық сараптама жүргізудің басты нысаны болып табылады.

Сот-филологиялық сараптамасы қарастырылып отырған істер бойынша тергеу не сот ісін жүргізу кезінде мәлімдемелердің мазмұны мен формасында қорлауға байланысты фактілерді анықтау қажет болған кезде тағайындалады. Мұндай сараптама істердің әртүрлі санаттары бойынша тағайындалуы мүмкін (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 410-бабы «Сотты құрметтемеу», Қ.Р. Қылмыстық кодексінің 378-бабы «Билік өкілін қорлау», ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабы «Ұсақ бұзақылық» және т.б.).

Қорлау жағдайы бойынша материалдардың лингвистикалық сараптамасының объектісі – қарым-қатынастық іс әрекеттің негізі ретінде көрініс табатын семантикалық мазмұн мен коммуникативтік мақсатқа ие, ауызша немесе жазбаша формада жүзеге асырылатын мәлімдеме болып табылады. Бұл іс бойынша сараптама жүргізуде мәтінде (лебізде) әдепсіз форма не қорлау деп тану үшін қажетті лингвистикалық белгілердің болуы/болмауын анықтау міндеттеледі. Бұл міндеттер диагностикалық сипатқа ие, себебі сараптамалық талдаудағы негізгі мәселе даулы мәтіндерді белгілі бір мәлімдемелер қатарына жатқызу болып табылады. Сот-филолгиялық сараптаманың басты тұжырымдарында «қорлау» және «әдепсіз форманың» құқықтық дефинцияларға негізделген және олардың лингвистикалық ұғымдармен байланысы анықталуы керек.

Сонымен, қорлау фактісі жөнінде айтқанда, тағы бір ескеретін жайт: қоғамдық орындарда әдепсіз сөйлеу мен жеке адамның тарапына айтылған қорлаудың ара-жігін ажырату қажет. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің «Ұсақ бұзақылық» атты 434-бабы бойынша: қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады [3, 315 б.]. Яғни, аталмыш бапқа сәйкес жеке тұлғаларды жауапкершілікке мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жауапкершілікке тарта алады. Заңгерлердің айтуынша, бұл екі жағдайдағы жасалған әрекеттің арасында ерекшелік бар: «Қорлау әрекеттерін жасаған кезде жеке тұлға басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсітеді. Бұл әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалса, қылмыстық жауапкершілік көзделген. Ал ұсақ бұзақылық әрекеті: қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер. Ең бастысы қылмыстық іс-әрекет жеке тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсітумен ерекшеленеді, ал әкімшілік тәртіпте жазаланатын былапыт сөздер айту әрекеті қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпке қарсы жеке тұлғалардың, яғни көпшіліктің тыныштығын бұзатын әрекет» [4, 3 б.].

Құрылымында қорлау мәні бар сөздің бәрі сотқа жете бермейді. Иә, жеке тұлғаның тарапына қандай да бір қорлау мәні бар былапыт сөз айтылса, қорланған адамның сотқа

жүгінуге құқығы бар. Кез-келген азамат өзінің қадір-қасиеті мен абыройын әдепсіз түрде кемсіту деректері бойынша сот мекемелеріне қылмыстық немесе азаматтық сотқа талап арыз беру арқылы өзінің тапталған абыройы мен қадір-қасиетін қорғай алады. Егерде сол тұлғаның қолында нақты дәлелелдемелері болса, онда сот шешімі бойынша оның пайдасына шешілетіне анық. Бірақ, көбіне қорланған адамдар істі сотқа жеткізбейді немесе жеткізе алмайды. Оның басты екі себебі бар: алғашқысы, заңды дұрыс білмеу, екіншісі: дәлелдемелерді сотқа жинау тәртібін білмегендіктен. Осы тұста мынадай сұрақтар туындайды: Қорлау фактісінің болғанын кім анықтайды? Сізді қорланғанын қалай дәлелдеуге болады? Қорланған адам өзінің қорланғанын лингвист маманның көмегі арқылы дәлелдей алады. Яғни талапкер лингвист сарапшының қорытындысын алуы керек екен.

Мәселен, тұрмыстық жағдайда әйелі мен күйеуінің арасында қандай да бір жанжал орын алып, сол мезетте әйелі қорлады деп арыз жазды делік. Осы тұста бұл жағдайдың объективті жағы мынадай саралау іс-әрекеттерімен сипатталады:

1) құқық бұзушымен отбасылық тұрмыстық қарым-қатынаста тұрған адамдарды балағат сөздермен қорлау;

2) отбасылық-тұрмыстық қатынастарда құқық бұзушымен бірге тұратын азаматтарға тіл тигізу;

3) құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынаста тұрған азаматтарды кемсіту;

Бірақ, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қорлау-бұл тікелей немесе жанама түрде жасалатын әрекеттер жәбірленушінің қатысуымен орын алады да, бұл жағдай көбінесе тек қана өзінің жақын адамына деген құрметсіздігін көрсетеді. Құқық бұзушымен отбасылық тұрмыстық қарым-қатынаста тұрған азаматтарды қорлау деп ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау түрінде эмоционалды зиян келтіретін, әдепсіз түрде көрінетін психологиялық сипаттағы әрекеттерді түсіну керек. Мысалы, өткеннің қателіктері үшін айыптау, физикалық және материалдық кемшіліктерін бетіне басу, соның ішінде жақын туыстарын қорлау, отбасы мүшелеріне қатысты көпшілік алдында теріс не жағымсыз пікір білдіру және т.б. сөз арқылы кемсітулер көп жағдайда субъективті пікір ретінде саналып, оның барлығы бірдей қорлау фактісіне жата бермейді [5, 17 б.].

Қылмыстық, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс үшін маңызы бар лингвистикалық қорлау белгілері және әдепсіздік білдіру, сот және соттан тыс лингвистикалық сараптаманың мәні болып табылады. Ар-намысы мен қадір-қасиетіне сөз келгендігін, оның дәрежесін (тереңдігін) ең алдымен жәбірленушінің өзі бағалайды, ал сөйлеу формасының әдеп нормаларынан асу-аспауын, оны қорлау деп танудың негізін анықтау сарапшылардың құзіретіне енеді.

Сарапшы-лингвист- бұл филология ғылымы бойынша кәсіби білімі бар тұлға, оның білімі терең әрі жан-жақты болуы керек. Негізгі жоғары филологиялық білім- бұл маманның теориялық білімі мен практикалық дағдыларының бастамасы ғана. Сарапшы ретінде іске мүдделі деп танылмайтын, арнаулы ғылыми білімі бар адам шақырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар ҚР-ның заңдарымен белгіленеді. Сарапшыны шақыру, сараптама тағайындау және жүргізу ҚР ҚІЖК-нің 35-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сарапшының құзыреттілігін, арнайы білімнің болуын – сот, тергеушілер немесе анықтаушылар анықтайды. Егер сараптама үшін мемлекеттік сараптама мекемесіне жүгінсе, онда қызметкердің құзыреттілігі үшін жауапкершілік басшыға жүктеледі.

Сарапшы-лингвист:

- процессуалдық норманың басты талабын орындауға міндетті;
- лингвистикалық сараптама заңдық біліктіліктің құрамына кіре алмайды;
- тілдің көп функционалдығын ескеруге міндетті, мысалы, инвектив эмитентті қорлауы да, ішкі жағдайын білдіруі де мүмкін;
- сараптама ауызша бұрмалау стратегияларын мысалдармен көрсетуі керек, яғни әдістерін анықтап, қорлаудың қалай жасалғанын көрсетуі керек.

Мемлекеттік емес сот сарапшылары көбінесе: ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, университет оқытушылары, беделді ғалымдар, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар әртүрлі ұйымдар мен бөлімдердің қызметкерлері болып табылады.

Зерттеу барысында лингвист-сарапшылар заманауи қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне, ауызекі тіл сөздіктері мен жаргонизмдерге жүгінеді.

Судьяларға (тергеушілерге, анықтаушыларға) көмектесу үшін, қорлаудың шынымен болғанына көз жеткізу максатында лингвист мамандар мәлімдемелерді (жазбаша және ауызша) талдайды.

Бірқатар орыс лингвист ғалымдар, атап айтсақ, И.А. Стернин, Л.Г. Антонова, Д.Л. Карпов және М.В. Шаманова қорлаудың диагностикалық белгілерін жинақтаған, олар сарапшыларға талдау жасауға көмектеседі:

- Тұлға туралы жағымсыз мәліметтерді хабарлау;
- теріс ақпаратты нақты адамға жатқызу;
- теріс ақпараттың фактологиялық сипаты;
- ақпаратты таратудың жария сипаты;
- ақпараттың қорлау сипаты;
- хабарламаның ақпараттық мақсаты;
- мәлімдеменің әдепсіз (арсыз) түрі;
- адресаттың теріс сипаттамаларын жалпылау;
- қорлау үшін дәлелденген ниеттің болуы;
- адам туралы хабарланған теріс ақпараттың шындыққа сәйкес келуі.

Қорланған тарап сарапшы лингвистерге талдау жасау үшін қандай материалдар береді? Сарапшы лингвист ауызша немесе жазбаша түрде келетін мәнді мазмұны мен коммуникативті мақсаты бар, коммуникативті іс-әрекеттің өнімі ретінде саналатын сөзді/сөз тіркесін жан-жақты зерттейді.

Сарапшылар:

- көпшілік алдында сөйлейтін аудио немесе бейне жазбаларды;
- баспа немесе электрондық басылымдардағы мақалаларды;
- көпшілік алдында сөйлеген сөзінің аудио немесе бейнежазбаларын (мысалы,сотталған адамның, оның туыстарының, жұртшылық өкілдерінің);
- куәлардан, жәбірленушіден, айыпталушыдан жауап алу хаттамаларын (егер лауазымды адам ренжіген тарап болса);
- интернетте таралған ашық хаттарды
- электронды тасымалдағыштардағы ақпараттарды талдайды.

«Қорлау» мағынасының компоненттерін анықтаған кезде ең алдымен осы мәселені алғаш қарастырған О.В.Кукушкина, Ю.А. Сафонова және Т.Н. Секераждың «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға байланысты істер бойынша сот-психологиялық-лингвистикалық сараптама жүргізу әдістемесі» атты оқу құралындағы жалпы ережелерге сүйену керек. Осы еңбектің мазмұнына сәйкес «қорлау» мағынасының құрылымы үш міндетті компоненттен тұрады:

1) мәлімдеме объектісі/мазмұны (кім туралы және нақты не айтылды);

2)Қатынас (сөз қандай мағынада айтылды және лебіз (речь) қалай бағаланады?);

3) Мақсат (қандай мақсатпен айтылды?) [6, 137 б.]

Осы құрамдарға сәйкес талдау үш кезеңнен тұрады: пәндік-тақырыптық; экспрессивті-бағалауыштық; мақсатты. Негізі тілдік құралдардың филологиялық сараптамасы және коммуникативтік жағдайдағы лингвистикалық аспектілерді анықтау жоғарыда көрсетілген талдау кезеңдеріне ортақ мәселе болып табылады. Мәселен, тұлғаның теріс бағасын жақтырмаушылық модалдықты білдіретін нормативті лексика да адамды ренжітуі (қорлауы) мүмкін. Егер мазмұны жағынан адамды кемсітетін сөйленіс білдірілу қалпы жағынан нормативті – әдеби немесе ауызекі сөйлеу түрінде болса, бұл тілдік қалып қорлау ретінде таныла алмайды, өйткені ол сол немесе басқа сөйлеу жағдаятында стилистикалық және этикалық тұрғыдан орынсыз болса да, қоғамдық қолданыста орынсыз, бірақ қоғамдық

қолданысына тыйым салынбаған нормативті лексика қатарында табылады. Ал әдеби тіл лексикасы тұлғаның теріс бағасын өткір түрде білдірсе де, жағымсыз қалып ретінде таныла алмайды.

Жоғарыда көрсетілген компоненттерге сәйкес сараптама іске асырылады.

Пәндік-тақырыптық анализдің мақсаты – коммуникативтік жағдай мен контекстке сүйене отырып айтылған сөздің мәнін анықтау. Аталған талдау барысында сарапшы: а)Сөз/сөз тіркесі кімге/неге қатысты айтылғанын анықтау: адамға, іс-әрекетке, жағдайға; б)айтылған сөз қандай мағынада қолданылғанын анықтау: ол адамға теріс баға береді ме немесе жай ғана оған деген өзіндік көзқарасты жеткізу ме. «Қорлау» деп танылған мәлімдемелердің пәні - адресаттың жеке басы, оның жеке қадір-қасиеті болып табылады.

Экспрессивті-бағалауыштық талдау барысында сөйлеушінің сөйлеу объектісіне қандай қатынасы бар және қандай тілдік құралдар арқылы жеткізгені анықталады. Коммуникативті әрекетте «қорлау» жағымсыз типтегі қатынасты білдіреді, оны адресатқа құрметсіздік, кемсіту ретінде сипаттауға болады. Ол әлеуметтік мәртебені бағалаудың ерекше түріне негізделген: баяндаушы коммуникативті әрекетімен адресаттың мәртебесін төмендетеді (мен сізді былай бағалаймын: сіз менен төменсіз, сіз маған тең емессіз және ар-намысты таптайтын балағат сөздер т.б.).

Мақсатты талдау – баяндаушы сөзін не мақсатпен айтқандығын анықтауға бағытталған. Семантикалық формула: Мен мұны сізді төмен бағалайтынымды, өзіңізді тең деп санамайтындығымды және сөйлеу әрекеттері арқылы сізді құрметтеу маңызды еместігін білдіру үшін айттым. Бұндағы сөйленістегі мақсат ортақ. Оның түрлерін ажыратуға да болады («өзін-өзі қорғау мақсатында адресатқа теріс қарым-қатынасы жайында хабардар ету», «жауап беру (қорғаныс) реакциясы», «баяндаушының көзқарасы бойынша бұрыс деп саналатын әрекеттерге теріс ойын білдіру мақсатында адресатқа өзінің жағымсыз қатынасын білдіру», «қорқыту арқылы жағымсыз қатынасын хабарлау» және т.б.). Егер сөздегі «қорлау» мағынасының болу-болмауын анықтау мәлімдеме мазмұнының жоспарын зерттеуге қатысты болса, онда әдепсіз форманың тілдік белгілерін анықтауда хабарламаны/сөзді талдаумен, сөз тіркесінде белгілі бір қорлау белгілері бар лексикалық не фразеологиялық бірліктердің бар-жоғын анықтаумен байланысты.

Сөз тартыстарын тудыратын даулы лебіздерде қорлау мәнісі қамтылған лингвистикалық бірліктерді анықтауда зиян шеккен тұлға туралы баяндаушы тарапынан қолданылған теріс бағалаулар я эпитеттердің сөйлеу барысында айтылған жайттарға адекваттылығы, шынайы фактілерге сәйкестігі өлшемдері басшылыққа алынады. Өйткені, оның мазмұнында жәбірленуші туралы жағымсыз пікір құрамында іс жүзіндегі заңды немесе қоғамдық мораль нормаларын бұзғаны туралы мәлімет қамтылуы мүмкін. Мәселен, алаяқ (мысалы, тұрғын үймен анықталған мерзімде қамтамасыз етуге уәде етіп, соңында тұтынушылардың қаржаттарын өз қалтасына басып алуы), жезөкше, жеңіл жүрісті әйел (қоғам тарапынан моралдық тұрғыдан айыпталатын іспен айналысу) сияқты бағалауыштық лексика мазмұны бойынша қоғамдық мораль нормаларын бұзғаны туралы деректің шындыққа сәйкестігі не сәйкес еместігі қаралады. Жалпы сөздің, сөйленістің қорлау сипатын анықтауда түрлі ұстанымдар басшылыққа алынады:«Жағымсыз форма түсінігін анықтау ұстанымдық тұрғыдан маңызға ие. Заңгерлік салада оның мұндай дефинициясы қамтылмаған, алайда тікелей түрде берілген түсініктемесі жағымсыз форманы қоғамда қалыптасқан әдептілік шегінен шығып кету тұрғысындағы анықтамаға алып келеді».

Орыс тіл білімі ғалымы Н.Д. Арутюнова: «Тіл қылмысты әрекеттерге де қабілетті» - дейді [1, 36 б.]. Тіл – қарым -қатынас құралы, ой-пікірді жеткізуші құрал. Тіл қоғамға қызмет ете отырып, яғни субъектілер тарапынан өзінің қолданылуы кезінде олардың арасындағы түсіністікпен бірге сот төрелігін, заңның араласуын қажет ететін тілдік қайшылықтардың пайда болуына да жол береді. Яғни, қорлау ісіне қатысты заң бұзушылық тілдік құралдар көмегімен жасалғандықтан, заңгерлік талдаудың негізгі пәні – лингвистикалық нысан – қайшылықты дискурс болып табылады. Қорлау жағдайында баяндаушы «сөздерді таңдауға» ұмтылмайды, яғни, үшінші тұлғаға қатысты тыйымды ұстанғысы келмейді, осылайша оны

әдепсіз түрде қорлауға жол береді. Осыған сәйкес, лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, «әдепсіз форма» түсінігі сөйлеуде тыйым салынған немесе тұрпайы лексиканы қолданумен байланысты. Қорлау әрекеті ауызекі, жазбаша, қол жұмсау жолымен, көпшіліктің көзінше не жәбірленуші жоқта жасалуы мүмкін. Жаладан айырмашылығы қорлау кезінде жәбірленушіні масқаралайтын қандай да болсын мәліметтер хабарланбайды, бірақ оның жеке басын, қасиетін, мінез-құлқын дөрекілікпен теріс бағалайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 131-бабына сәйкес мұндай қылмыс жасағаны үшін кінәлі кісі белгілі мөлшерде айыппұл төлеуге, түзеу жұмыстарына немесе белгілі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Қорыта келе, тіл қызметі негізінде туындаған мұндай қайшылықтардың шешімінде таза юриспруденциялық білім жеткіліксіз болуы себепті арнаулы филологиялық білімдері бар мамандар іске тартылып, таңба және таңбаланушы, таңба және интерпретатор қатынасы, тіл семантикасы мен прагматикасы, тіл мәдениеті сияқты лингвистикалық пәндердегі ғылыми қағидалар мен тұжырымдар тірек етіледі де, сот-лингвистикалық сараптаманың тоғыспалы сипаты анықталады. Демек, әртүрлі жағдайға қатысты қорлау ісін қарау барысында әділеттің орнауында филолог-мамандардың өз құзырындағы тілге қатысты мәселелерді ғылыми-теориялық тұрғыдан дәйектеп, сараптама жүргізуі нәтижесіндегі пікірлері я қорытындылары сотқа дейін тергеп тексеруде, сот процесінде ерекше маңызға ие.

***Пайдаланылған дереккөздер тізімі:***


1. Таусоғарова А.Қ. – 1, 2, 3 бөлім филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қарымсакова Р.Д Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. / Жауапты ред. Г.Х. Әженова. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2021. - 224 б.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. – Алматы: Юрист, 2017. - 428 б.
4. Актайлаков К.А. Особенности рассмотрения уголовных дел частного обвинения в клевете и оскорблении и роль лингвистической экспертизы в качестве доказательства // Интернет ресурс: https://online.zakon.kz/(дата обращения: 12.02.2022).
5. Сейтакова Б.М. Административно-правовая характеристика правонарушения, предусмотренного ст.73 КОАП Республики Казахстан // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан. – 2021. – №1(66). – С. 17.
6. Кукушкина О.В., Сафонова Ю.А., Секераж Т.Н. Теоретические и методические основы судебной психолого-лингвистической экспертизы текстов по делам, связанным с противодействием экстремизму. -М.: ФБУ РФЦСЭ при Минюсте России, 2014. – 330 с.
7. Голев Н.Д. Об объективности и легитимности источников лингвистической экспертизы // Юрислингвистика-3. – Барнаул, 2002. С. 5-14.
8. Голев Н.Д., Матвеева О.Н. Значение лингвистической экспертизы для юриспруденции и лингвистики. / Под. ред. проф. М.В.Горбаневского –3-е изд., испр. и доп. – М.: Галерия, 2002. – 424 с.
9. И.А. Стернин. О понятии «неприличная форма высказывания» в лингвистической экспертизе // «Воронежский адвокат» – 2010. – №1 (79). – С. 16-21.
10. Андреева А.В., Кирдун А.А.Методики производства судебной лингвистической экспертизы: аналитический обзор // Интернет ресурс: https://docplayer.com (дата обращения: 14.02.2022).
11. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 2004.
12. Vladimir D. Objects of forensic linguistic examination: new challenges of criminogenic internet communication // Интернет ресурс: https://www.researchgate.net/publication (дата обращения: 14.02.2022)

**Сведения об авторах**

*Шарипова Асель Бостановна* - доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби, кандидат юридических наук.

*Мырзагали Диана Серикқызы* - магистрант 1 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби.

*Батжанова Азиза Сериковна* – магистрант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби.

*Шарипова Әсел Бостанқызы* – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты.

*Мырзагали Диана Серикқызы* – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс магистранты.

*Батжанова Азиза Серикқызы* –әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2курс магистранты.

*Sharipova Assel Bostanovna* – Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Faculty of Law of Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Legal Sciences.

*Myrzagali Diana Serikovna* – 1st year master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

*Batzhanova Aziza Serikovna* – 2nd year master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

УДК 34.07
МРНТИ 10.71.01

**T.B. Zhumagazin[1], A.K. Bekishev[2] , V.M. Balmagambetova[3]**

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov, Almaty, Kazakhstan
[3]Kazakh-Russian International University

# ON THE ISSUE OF IMPROVING THE ORGANIZATION OF THE DISCLOSURE OF CRIMINAL OFFENSES, THE SEARCH FOR MISSING PERSONS IN THE LIGHT OF THE TRANSITION TO THE «SERVICE MODEL OF THE POLICE» AND WITHIN THE FRAMEWORK OF THE INTRODUCTION OF A THREE-TIER MODEL OF THE CRIMINAL PROCESS

The article suggests ways to improve the organization of criminal prosecution bodies in the light of the transition of the Kazakh police to the "service model of the police", as well as the introduction of a three-tier model of the criminal process. In particular, attention is focused on the activities of investigative task forces on duty in the internal affairs bodies. Some problems that exist in the activities of the internal affairs bodies are touched upon. An analysis of the opinions of some legal scholars has been carried out. Statistical data are provided. The types of criminal offenses frequently committed in the country are indicated. The authors proposed measures to organize the work of investigative task forces on duty.

**Keywords:** investigator, operative, group, disclosure, criminal offense, police.

---

**«Полицияның сервистік моделіне» көшу және қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізуді аясында Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды, хабар-ошарсыз жоғалғандарды іздестіруді ұйымдастыруды жетілдіру туралы мәселе туралы**

Мақалада Қазақстан полициясының «полицияның сервистік моделіне» көшуі, сондай-ақ қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу аясында қылмыстық қудалау органдарын ұйымдастыруды жетілдіру жолдары ұсынылған. Атап айтқанда, Ішкі істер органдарындағы кезекші жедел-тергеу топтарының қызметіне баса назар аударылады. Ішкі істер органдарының қызметіндегі кейбір проблемалар қозғалды. Кейбір заңгерлердің пікірлеріне талдау жасалды. Статистикалық мәліметтер келтірілген. Елімізде жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері көрсетілген. Авторлар кезекші жедел-тергеу топтарының жұмысын ұйымдастыру бойынша шаралар ұсынды.

**Түйінді сөздер:** тергеуші, жедел уәкіл, топ, ашу, қылмыстық құқық бұзушылық, полиция.

---

**По вопросу совершенствования организации раскрытия уголовных преступлений, розыск пропавших без вести лиц в свете о переходе к «служебной модели полиции» и в рамках внедрения трехуровневой модели Уголовного процесса**

В статье предложены пути совершенствования организации органов уголовного преследования в свете перехода казахстанской полиции на «сервисную модель полиции», а также внедрения трехзвенной модели уголовного процесса. В частности, акцентируется внимание на деятельность дежурных следственно-оперативных групп в органах внутренних дел. Затронуты некоторые проблемы, имеющиеся в деятельности органов внутренних дел. Проведен анализ мнений некоторых ученых-юристов. Приведены статистические данные. Указаны виды уголовных правонарушений часто совершаемых в стране. Авторами предложены меры по организации работы дежурных следственно-оперативных групп.

**Ключевые слова:** следователь, оперуполномоченный, группа, раскрытие, уголовное правонарушение, полиция.

The inevitable process of urbanization has also affected our country. Without figures and statistics, there is a noticeable increase in the population and the size of cities. This is mainly due to the mass relocation of citizens from rural areas to regional centers and the construction of multistorey buildings, new residential neighborhoods. It is clear that this trend cannot but affect the criminogenic situation.

Taking into account the ongoing social, migration and demographic changes, it is possible to model the structure of crime in the future: these are mainly crimes committed in the city, the so-called street, i.e. in public places, for example hooliganism, robberies, as well as the theft of other people's property, including from apartments, from organizations, etc. That's exactly the theft of personal property is the most serious threat and encroachment on the well-being and livelihoods of people. The most numerous in the structure of crime and committed only with direct intent, they carry significant public harm. But ensuring the safety of the material values of citizens is the key to stability in society, the state.

Neither the security of houses, nor the presence of video cameras, alarms, concierges, metal doors, etc. did not protect from mass theft of personal property, valuables of city residents. It turned out that the simple equipment of criminals, and these are ordinary construction gloves on their hands and masks on their heads, did not leave any chances to detect traces of intruders and solve the crime. That, in our opinion, is what a policeman will have to deal with in the future. And this is a ringing signal for law enforcement agencies, but of course a thorough analysis and study of the situation is necessary for serious conclusions.

In this regard, the transition of the internal affairs bodies of the Republic of Kazakhstan to the "service model of the police" and the introduction of a three-tier model of the criminal process seems timely and relevant [1]. In addition to all other innovations in the system of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, which, by the way, mainly affected the administrative police service [2], there is a need to modernize investigative and operational units. But I will immediately notice that nothing is planned to be redone, rebuilt and reinvented.

Considering that the pre-trial investigation bodies, according to the three-tier model, are assigned the function of identifying persons involved in the crime, collecting and securing evidence [3], and the "police service model" provides for the idea of increasing responsiveness [4] the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan will have one main task in the near future – to quickly find the criminal. Therefore, the issue of improving the organization of the activities of internal affairs units at the stage of solving crimes "in hot pursuit" is relevant. At the same time, it is planned to reform the work of investigative task forces on duty and criminal police units.

This need arose due to a number of existing problems, which are often talked about, but no specific decisions are taken.

First: the functional responsibilities of the operatives during the working day are blurred. The functions should be clear, specific and their bearer should have the appropriate competence and authority, i.e. only he and no one else should be able and do it by right. For example, during a surgical operation, each medical worker in the operating room has assigned roles, the surgeon operates, the nurse provides the necessary tools and medications, the anesthesiologist performs anesthesia, etc. To date, if we take as an example the work of the investigative task force at the crime scene, only employees of the investigation (inquiry) have such clear functions, who inspect the scene of the incident, interrogate the victim and witnesses, make a procedural decision, draw up a protocol, etc. and a criminologist who collects and fixes traces of the crime. What can not be said about the functions of the operatives, whose task today is only to bypass the yard, and then because of the insufficient amount of time is not always done efficiently, and this work can be carried out by district police inspectors. At the same time, in different police departments, in different ways, operatives are additionally charged with making decisions on materials not included in the Unified Register of Pre-Trial Investigations, so-called special outfits and drawing up certificates on unsolved crimes.

This issue is also relevant due to the fact that there is still an insufficient level of detection of crimes in hot pursuit. There is such a situation that all the work of investigative and operational

groups consists in going to the scene and fixing the traces of the crime, the quality of which wants the best. There are many reasons for such a circumstance, but the main ones, in our opinion, are, firstly, the approach of forming the composition of groups, when the duty schedule is drawn up according to the residual principle, i.e. it includes young, inexperienced employees, and often those guilty of disciplinary violations, resembling an army outfit out of turn; secondly, a large load on investigative and operational groups, meaning the number of serviced departures; thirdly: only employees of the investigation (inquiry) have clear and specific functions, which inspect the scene of the incident, interrogate the victim and witnesses, make a procedural decision, protocols are drawn up, etc. and a criminologist who collects and fixes traces of a crime. What can not be said about the functions of the operatives, whose task at the scene of the incident is only to bypass the yard, and then because of the insufficient amount of time is not always done efficiently. All this leads to the fact that, in fact, investigative and operational groups play the role of incident fixators.

In the course of searching for theoretical material on the coverage of this issue by domestic and foreign scientists, we drew attention to the works of the following scientists.

A.Y. Dubinsky and Yu.N. Shostak defined the investigative task force as an organizational form of interaction between the investigator and operatives [5, p. 8].

I.A. Tsokolov proposes to define an investigative task force as a temporary organizational formation based on the law and departmental regulatory legal acts, consisting of an investigator (investigators), employees of the operational apparatus of the subjects of the ORDO and other specialists, headed by an investigator and created for the optimal organization of activities for the disclosure and investigation of crimes [6, pp. 23-24].

The inclusion of the sign of temporality in this definition may seem superfluous in connection with the wide spread in practice of permanent investigative and operational groups. However, the necessity and possibility of their functioning may disappear for many reasons, for example, a change in the criminological situation, a change in the structure of law enforcement agencies, and participation in them in most cases is not the only and main professional activity of their members, in connection with which it is possible to agree with the "temporary" nature of the existence of permanent investigative operational groups.

Four types of investigative and operational groups have been tested by investigative practice: the investigative and operational group on duty (at the duty unit) - provides immediate response to reports of crimes, the production of urgent investigative actions and operational search measures in hot pursuit and is formed as part of an investigator, employees of operational and forensic units, a dog handler.

Эрудиция – (латын сөзі эрудицио- оқымыстылық, таным) жан-жақты терең таным, көп дүниелер туралы кең әрі сан-қырлы хабардарлық, кең мағынада бәрі туралы білу. Эрудиция – тәккәппар бикеш, егер ол шешеннің (оратор) қасынан табылып, оған көмектесіп отырса жақсы. Оның мәдениетін, дүние- танымын, шешендіктің теориясы туралы таным-түсінігін іс жүзінде қолдана білуге септігін тигізсе, нұр үстіне нұр. Егер шешен сөзін бастап кеткенде эрудиция болмаса, аудиториямен байланыс ойдағыдай нәтиже бермейді. Сондықтан жаңа бастаған шешеннің алдында екі міндет бар - эрудициямен достасу және одан көмек сұрау. Егер шешен эрудициямен дұрыс тіл табыса білсе, ісінің нәтижелі болары сөзсіз. Жаңа

бастаған шешенөз назарын сөздің мағынасына ғана емес, безендіруіне де аударады. Шешендік өнердің басты құралы- сөз. Осы орайда, орыс ғалымы Д.Н.Александровтың мына пікірін келтіре кетуді жөн көрдік - «Қызыл тілдің «гүлдері» бұл дегеніңіз шешеннің сөзіне рең беретін, оны әрлейтін, безендіретін барлық құралдар. Тапқырлық, һәм, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздердің тәсілдерін қолдана білу-шешендік өнер теориясына сауатты шешеннің алғашқы белгісі. Егер шешен өз сөзінің барысында шешендік өнердің ең болмаса бір гүлін қолданбаса, онда ондай сөздің мәні, әсері онша болмайды. Қызыл тілділіктің «гүлдері», әдемі ойлау, бірте-бірте ізденіс пен оқу нәтижесінде қалыптасады» [1].

«Фактілер – ғылымның негізгі өзегі»,- деп Л. Павлов айтқандай, келтірілген дәйектер мен дәлелдемелер өз орнында қолданылса ғана сөз соғұрлым әсерлі, сом алтындай салмақты шығары сөзсіз. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгеру кәсіби қызметтің әр түрлі салаларының мамандары үшін маңызды,оларда сөйлеу негізгі құрал болып табылады. Әсіресе, оқытушы, ғалым, журналист, сот, прокурор, полиция қызметкері, басқарушы мамандық иелерінің қажеттілігі жоғары екендігі байқалады. Аталған мамандық иелері сөйлеу мәдениетінің, қарым-қатынастың, этикеттің жоғарғы деңгейіне ие болу керек. Көпшілік алдында сөйлеу- шешендік өнердің негізгі құрамдас бір бөлігі. Бұл тыңдаушыға сауатты әсер етіп, кез- келген ақпаратты ұсыну және сендіру үшін қажет. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы түсіністікке жетелейтін фактор-сөйлеушінің ішкі мәдениеті, сыпайылығы, ұстамдылығы, ашық пікір таласқа дайындығы болмақ. Көпшілік алдында сөйлеу- бұл не айтатының ғана емес, оны қалай айтатының маңызды сөз өнері. Қалай болғанда да сөйлеушінің көпшілік алдында сөйлеуді дайындау және айту әрекеті шығармашылық қызмет болып табылады.

«Сөйлеу мәдениеті – ойлау мәдениеті мен тілге деген махаббат үндестігінде жатыр. Ойдың дәлдігі - мәдениетті сөйлеудің негізгі тетігі. Сөйлеу мәдениетінің ұғымы әдеби тілмен тығыз байланысты болғандықтан, ең алдымен, әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларына ие болуды білдіруі заңды сияқты. Сөйлеу мәдениеті- сөйлеудің коммуникативті қасиеттерінің жиынтығы мен жүйесі туралы жеке дара ілім. Бұл – адамның үлгілі тілдік тұлғасын қалыптастыруды мақсат етіп қояды» [2].

Көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қажет ететін сөздің бір саласы сотта қолданылатын шешендік. Сотта қолданылатын шешендіктің иелері-прокурорлар, адвокаттар, қоғамдық айыптаушылар мен қорғаушылар, айыпкерлер болып табылады. Сотта қолданылатын шешендік сөздерді біз екіге бөліп қарастырамыз:феодалдық қоғам тұсындағы қазақтың әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дау-дамайларда орын алған шешендік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғаушылардың сөздері. Бұл ретте, шешендік өнер сөз өнерінің үлгісіне жатады. Сөз өнеріне тән ерекшеліктер түгелімен шешендік өнерге де тән. Бірақ шешендік өнерге тән ерекшеліктердің бәрі сөз өнеріне тән бола алмайды. Мысалы, шешендік өнердің басты ерекшелігінің бірі белгілі бір жайдың, пікірдің дұрыстығын немесе бұрыстығын дәлелдеуде, жұртты соған иландыруда, сендіруде, көндіруде.

Әл-Фараби шешендік өнердің, шешен сөздің мақсаты – тыңдаушылардың көңіліне сенім ұялатады деп біледі. Шешен өз сөзінің өтімді болуы, тыңдаушылар мен билердің көңілін баурап, өз дегеніне көндіруі ғылым мен өнерге бірдей негізделеді. Алайда әрбір сөз жүйелі, әрі эмоциональды болу керек. Сондықтан тек қана эмоцияға көңіл бөліп, мағынаны естен шығаруға болмайды. Көп жағдайларда мынандай сұрақ туындайды: кез келген адам жақсы шешен бола ала ма?. Пікірлер әртүрлі. Бірі жақсы шешенге тән қасиеттер туа біткен табиғи дарындылық десе, енді бірі жақсы шешенннің қасиеттері қалыптасады, дамиды, тәрбиеленеді, оқу мен еңбектің арқасында болады,- дейді. Бұл әрине жаңалық емес. Осы бір даулы пікір шешендік өнер тарихымен бірге жасасып келе жатыр. Бұдан бәлен мың жыл бұрын  Көне Римнің атақты ораторы (шешені) шешЕндік өнердің көрнекті теоритегі Марк Туллий Цицирон біздің заманымызға дейін жеткен қанатты сөзін айтқан еді: «Ақын болып туылады, шешен болып қалыптасады». Ұлы римляндықтың айтқан пікірінің дұрыстығы дау

тудырмаса керек. Адам поэтикалық талантпен туылады, ал белгілі бір мақсатта күш жігерін жұмсай отырып шешендік өнерді игере алады.

Орыстың атақты шешені, адвокат Ресей сот жүйесінің көрнекті өкілі А.Ф. Конидің пікірінше, қызыл тілділік пен көпшілік алдында сөйлей білудің ара жігін ажырата білу қажет екендігі айтылады. Қызыл тілділік – адамға табиғатпен берілген талант болса, сөйлей білу-күнделікті тәжірибе арқылы, жүйелі жаттығулар мен дайындық арқылы қалыптасады. Шындығында, жақсы шешен болатын адам алдына мақсат қойып, соған жету жолында еңбектеніп, ізденуіне тура келеді. Табиғи дарын адамға үздік нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бергенімен табыстың кілті бола алмайды. Белгілі бір қылмысқа қатысы бар деген күдіктінің ақ қарасын айыру үшін, тергеушіге көп тер төгіп, ізденуге тура келеді. Алдындағы күдіктінің жан дүниесіне үңіліп психологиясын зерттеуі қажет. Әртүрлі тілдік амал-тәсілдерді сендіру, иландыру, көндіру, мойындату, дәлелдеу секілді тілдік құралдарды шеберлікпен қолдана білуі керек. Тергеушінің құқық қорғау саласының қызметкері, заң өкілі ретінде ғана емес, психолог, тілші, шешен тіпті қажет болса, әртістің кейіпіне де енуіне тура келеді. Күдіктінің сеніміне кіріп, оны өзіне қаратып, шүбәсіз иландыра білгенде ғана тергеу әрекеті өз жемісін беріп, ойлаған нәтижеге жеткізеді.Сөйтіп, алдында отырған қылмыстық іске қатысы бар деген күдіктінің ақ қарасын әділдікпен айыра алады. Бұл жерде тергеушінің кәсіби біліктілігімен қатар тілдік құзыреттілігі, психологиялық даярлығы да, шешендік қабілеті де сынға түседі.Алдында отырған тұлға мен еркін диалогқа түсіп, өз сөзіне иландырып, өзіне қарата білуі үшін тергеушіге құқықтық нормативтік актілермен қатар тілді, тарихты, шешендік өнердің алғышарттарын білу өте маңызды. Шешенге әртүрлі мағұлыматтарды меңгеру аса қажет. Дәлелді бұлтартпас мысалдар келтіру үшін ежелгі тарихты, заңдарды жақсы білген жөн. Шешен тапқыр сөйлеумен қатар адам табиғатын, адамның жан дүниесін және оны ашуландыратын немесе тыныштандыратын себептерді терең танып білгенде ғана оған қол жеткізе алады.

Қазақ даласын көп аралап халқымыздың әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрі туралы көптеген мағұлымат жинаған зерттеуші, этнограф, ғалым В.И. Даль қазақ өмірінен жазған бір шығармасында басына қорған іздеп келген бір қазақ қызының сымбаттылығы мен өткірлігін, тапқырлығы мен тілмарлығын былайша суреттейді: «ол алдыңғы бөлмеге байсалды басып кірді және онда отырғандарды сымбаттылығымен, сұлулығымен, батыл да байсалды жүрісімен, сондай-ақ күтпеген жерден келісімен таң қалдырды. Әскери губернатордың өзі одан бетер қайран қалды. Маулена қорғаныш іздеп келгенін, өйткені бүкіл дүниеде оған пана боларлық басқа ешкім жоқ екенін айтты. Қыздың мәнді де мәнерлі, салмақты жанкүйзелісін жасыра білген кейпіне тәнті болдық. Табиғат бұл халықты сезімнен де, ақылдан да кенде қалдырмаған»,- дейді [3].

Міне, мұнда қарапайым қазақ қызының тән сұлулығы мен жан сұлулығы, ақыл парасаты шынайы суреттелген. Жалпы қазақ даласында болған зерттеушілердің бәрі, ең алдымен, халқымыздың ақыл-ойына, сана-сезіміне назар аударады. Сырттан жаппай сауатсыз, жартылай жабайы деп жүрген халықты төл әдебиет, өзіндік мәдениет, бай тілі бар екенін көргенде қайран қалады.

Өзіміз ширек ғасырдан астам уақыт қызмет еткен ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында тыңдаушылардың тілдік құзыреттілігі мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Заңгерлердің сөйлеу мәдениеті», «Заңгерлердің кәсіби тілі» деген арнайы пәндерді оқыту қолға алынған болатын. Болашақ заңгерлердің, құқық қорғау органдар қызметкерлерінің тілдік даярлығын дамытып, шешендік өнердің қыр-сырын меңгертуге аталған пәндердің тигізген пайдасы мол болғаны анық.

Сауатты, мәдениетті, әсем де әсерлі, анық, дәйекті де дәлелді сөйлеу- қазіргі кезде құқық қорғау саласының мамандарына қойылатын басты талаптардың бірі. Өзіміз көзіміз көріп, сөзін тыңдаған , ділмарлығы мен шешендігіне куә болған қазақтың біртуар ұлдарының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мақан аға Есболатовты мақтанышпен айта аламыз. Атақ дәрежесінен ат үркетін, алаштың ардақты азаматының ішкі мәдениеті мен жан дүниесінің сұлулығы сырт келбетінің сұлулығына сәйкес келуі, қарапайымдылығы, әңгіме

барысында өзіне баурап алатын шешендігіне тәнті болдық. Тектілік пен адамгершіліктің, тазалықтың, білімділіктің үлгісі деп санайтынбыз. Міне, осындай тұлғалар қалың көпшіліктің алдында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жағымды бейнесін қалыптастырады. Сондықтан болашақ құқық қорғау саласы қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыруда сөйлеу мәдениетінің, тілдік құзыреттілік пен шешендік өнердің тигізер ықпалы, берер пайдасы мол екендігі дау тудырмаса керек.

***Пайдаланған дереккөздер тізімі***


1. Александров Д.Н. Риторика. – М., 2000. – с. 181.
2. Галюк И.В. Культура публичного речи. – Санк-Петербург, 2016. – с.19-45.
3. Lupo, James, Court Speech as Political Action: Isocrates' Rhetorical Ideal and the Legal Oratory of Daniel Webster. Journal of the Association of Legal Writing Directors, Vol. 3, 2008, Available at SSRN: https://ssrn.com/abstract=1089910
4. Даль В.И. Полное собрание сочинений том VII. стр-321.
5. Schreiber, L., Paul, G. &Shibley, L. R. (2012). The development and test of the Public Speaking Competence Rubric. CommunicationEducation, 61 (3), 205 – 233.


## Авторлар туралы мәліметтер


*Тілеубаев С.Б.* – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты.
*Мәмбетов Ж.О.* – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.
*Ахметалиева Г.У.* – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушы.

*Тлеубаев С.Б.* – Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, старший преподаватель, кандидат филологических наук.
*Мамбетов Ж.О.* – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, доцент, кандидат филологических наук.
*Ахметалиева Г.У.* – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, старший преподаватель.

*Tleubaev S.B.* – Al-Farabi Kazakh National University Al-Farabi, senior lecturer, Ph.D.
*Mambetov Zh.O.* – Al-Farabi Kazakh National University, Associate Professor, Ph.D.
*Akhmetaliyeva G.U.* – Al-Farabi Kazakh National University, senior lecturer.

УДК 00.08.00
МРНТИ 32.019.52

**К. Абугалиев[1], А. Шегебаева[2]**

[1]Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды, Қазақстан
Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰТАСТЫҒЫНДА ПАТРИОТИЗМНІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Авторлар өз мақаласында аталған тақырыпты ғылыми тұрғыда талдауға тырысқан. Нақтылай айтатын болсақ, «патриотизм» сөзінің шығу төркінінен бастап, оның түрлері, мазмұны мен бағыты, функциялары мен принциптеріне түбегейлі тоқталған. Сондай-ақ патриотизмнің «ұлттық-идеологиялық, қоғамдық-мемлекеттік, әлеуметтік-педагогикалық» сынды негізгі принциптері кеңінен қарастырылған.

Ғылыми мақаланың құндылығы – авторлар Қазақстан азаматының бойындағы патриотизм белгілерін жаңа ғасыр жаңалығымен ұштастыра қарастырған.

Одан басқа да «мемлекеттік, жалпыхалықтық, ұлттық-этникалық, азаматтық, жергілікті немесе аймақтық» деп бөлінетін патриотизм түрлерінің аражігі ажыратылып, жіктелген. Сонымен қатар қазіргі жағдайда патриотизмнің «жалған патриотизм» сияқты формасына да ғылыми тұрғыда талданып, өзіндік тұжырым жасалған.

**Түйінді сөздер:** Отан, патриотизм, қоғамдық сана, патриотизм принциптері, идеологиялық талаптар, жалпыадамзаттық құндылықтар, рухани мәдениет.

---

## Роль патриотизма в целостности государства и некоторые его проблемы

Авторы в своей статье попытались проанализировать названную тему в научном контексте. Если говорить конкретно, то, начиная с истоков слова «патриотизм», он подробно остановился на его видах, содержании и направленности, функциях и принципах. Также широко рассмотрены основные принципы патриотизма: «национально-идеологический, общественно-государственный, социально-педагогический».

Ценность научной статьи состоит в том, что авторы рассматривали признаки патриотизма гражданина Казахстана в сочетании с новизной нового века.

Кроме того, разграничены и классифицированы виды патриотизма, которые подразделяются на» государственные, общенародные, национально-этнические, гражданские, местные или региональные". В то же время в современных условиях научно проанализирована и сформулирована собственная формулировка такой формы патриотизма, как «ложный патриотизм».

**Ключевые слова:** Родина, патриотизм, общественное сознание, принципы патриотизма, идеологические требования, общечеловеческие ценности, духовная культура.

---

## The role of patriotism in the integrity of the state and some of its problems

The authors in their article tried to analyze this topic in a scientific context. Specifically speaking, starting from the origins of the word "patriotism", he elaborated on its types, content and orientation, functions and principles. The basic principles of patriotism are also widely considered: "national-ideological, socio-state, socio-pedagogical."

The value of the scientific article is that the authors considered the signs of patriotism of a citizen of Kazakhstan in combination with the novelty of the new century.

In addition, the types of patriotism are differentiated and classified, which are divided into "state, national, national-ethnic, civil, local or regional". At the same time, in modern conditions, the author has scientifically analyzed and formulated his own formulation of such a form of patriotism as "false patriotism".
**Keywords**: Motherland, patriotism, public consciousness, principles of patriotism, ideological requirements, universal values, spiritual culture.

*Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы*
*Әл-Фараби*

Қазіргі жаһанданған әлемде Қазақстан, басқа мемлекеттер сияқты, ұлттық қауіпсіздік проблемасына көбірек тап болуда. Сонымен қатар, әскери себептерден басқа (мысалы, ядролық қарудың таралуы және соның салдарынан ядролық қақтығыс мүмкіндігі) рухани саладағы қоғамға қауіп төну мүмкіндігі қылаң беруде.

Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет.

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз [1].

Патриотизм грек тілінен алғанда «патриоттар – отандас, патрис – отан» [2] дегенді білдіреді, яғни отанға деген сүйіспеншілік, оған деген адалдық, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге деген ұмтылыс.

Патриотизмді қоғам мен мемлекет дамуының идеясы, әрі қозғаушы күші ретінде ежелгі уақытта философтар мен мемлекет қайраткерлері қарастырған. Қазақ жерінде де отан сүю тақырыбы өте ертеден бастау алады десек артық айтқанымыз емес. Сонау Орхон-Енисей құлпытастарындағы, одан бергі орта ғасырлық әдеби мұраларда, нақтылап айтатын болсақ, А. Йүгінеки, Ж. Баласағұни, Қ. Йассауи және т.б. ақын-қайраткерлердің еңбектері жоғарыда айтқан сөзіміздің айқын дәлелі. Тағы да тарқата түсетін болсақ, Шәкәрім, Абай, Ыбырай одан бергі Алаш алыптарының мұраларынан патриоттық тақырыпқа қатысты насихаттарды кеңінен кездестіруге болады.

Ал, дініміз ислам да адамзатқа отанын сүюді парыз-міндет деңгейінде жүктейді. Отанын қорғауда мерт болған пендеге жаратушысынан шаһиттық дәреже берілетіні исі қазаққа бесенеден белгілі. Данышпан халқымызда «Отан – от басынан басталады», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген сияқты қанатты сөздердің кеңінен таралуы – бабаларымыздың аталмыш тақырыпқа бей-жай қарамағандығының айқын көрінісі.

Патриотизм – отанға деген терең және асқақ махаббат сезімі, ішкі істер органдарының қызметкері үнемі ұстануға тиісті негізгі моральдық құндылықтардың бірі. ІІМ қызметкерлері мемлекет, қоғам мен азаматтар алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, Қазақстан халықтарының және басқа мемлекеттердің салт-дәстүрлеріне төзімділік пен құрмет көрсетуге, әртүрлі этникалық, әлеуметтік топтар мен конфессиялардың мәдени және басқа да ерекшеліктерін ескеруге, ұлтаралық және конфессияаралық келісімге ықпал етуге міндетті.

Патриотизмнің мазмұны мен бағыты, ең алдымен, қоғамның рухани және адамгершілік ахуалымен, оның ұрпақтардың қоғамдық өміріне әсер ететін тарихи тамырларымен анықталады.

Сәл шегініс жасап, тарихқа үңілетін болсақ, XV ғасырдың басында орын алған «ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» оқиғасы, «қазан төңкерісі», 30 жылдардағы «ашаршылық» елдің Отанына деген махаббатына сын келтіре алмады.

Бүгінгі таңда да ішкі істер органдарының қызметкерлерінің ерлік істері де жалғасын тапқан патриотизмнің айқын көрінісі десек артық айтқанымыз емес. Олар қызметтік-

жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде өз өмірлеріне қауіп төндіре отырып, елдегі заң мен тәртіпті қорғау жөніндегі өздерінің патриоттық борышын орындады және әлі де орындауда. Қазақстан ішкі істер министрлігінде адал қызметтің үлгісін көрсететін, қызметтік борышын орындау кезінде батырлық пен батылдық танытатын қызметкерлер аз емес. Мәселен, Тәуелсіздік жылдары қызметтік борышын атқару кезінде 791 қызметкер қаза тауып, 2555 адам жарақат алды. Олар үшін ерлік жасау – нормаға, ал жанқиярлыққа бару – ар-намыс ісіне айналды. Бұған жас қызметкерлердің теңесетініне күмән жоқ. Бұл – соңғы онжылдықтарда «патриотизм» және «интернационализм» ұғымдары тек кітап, дәріс және теориялық деңгейде қалмағандығының бір көрінісі.

Патриотизм ұлттық руханият құбылысы және қоғамдық сананың құрамдас бөлігі ретінде қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірегейіне айналғаны ақиқат. Кез-келген елдің күші көбінесе өз азаматтарының патриотизмінің күшімен анықталады.

Қазіргі қазақ қоғамында патриотизм төмендегідей функцияларды орындайды:

– қазақ ұлтын (дінін, тілін, дәстүрін) сақтау;

– жиырма бірінші ғасырдың басында қазақтардың санасына бөтен әсерлерге төтеп бере алатын ұлттық идеяны бекіту.

Ұлттық бірегейлік осы елдің халқына мемлекет ішінде өзінің тұтастығы мен мәдениетін сақтауға мүмкіндік беретін жалғыз фактор болып табылады, өйткені жалпы жаһандану кезеңінде мемлекеттердің физикалық шекаралары түбегейлі маңызды емес. Тек белгілі бір ұлтпен, адамдармен сәйкестендіру өзіндік мәдени, эстетикалық, моральдық және басқа құндылықтарды сақтауға көмектесетін өлшем бола алады және бұл патриотизм сияқты құндылық көзқарасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Үшінші мыңжылдықтың басында Қазақстан азаматының патриотизмін тәрбиелеу процесінің негіздері төмендегідей болмақ:

– Қазақстан мемлекеттілігін сақтау және нығайту;

– патриоттық әлеуметтік қатынастарды жаңғырту;

– осы әлеуметтік-мәдени ортада адам өмірінің жайлылығын қамтамасыз ету;

– Қазақстанның мемлекеттік және ұлттық мүдделерін, оның тұтастығын қорғау;

– отбасында жеке тұлғаны қалыптастыру және Отан кеңістігінде өзін-өзі тану;

– әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде жеке адамның, нақты ұжымның, қоғамның, мемлекеттің ресурстарын жұмылдыру;

– қазақстандық қоғамды дамыту процесіндегі төзімділік.

Сайып келгенде, қазіргі жағдайдағы патриотизм, біріншіден, мемлекеттің стратегиялық, геосаяси, ұлттық, мәдени мәселелерін шешу үшін жағдайларды, күштер мен құралдарды біріктіруге бағытталған қоғамның (әлеуметтік топтың, этностың, ұжымның, жеке тұлғаның) маңызды жұмылдыру ресурсы болып табылады. Екіншіден, патриотизм – бұл жеке тұлғаның дамуында Қазақстан қоғамын тұрақтандыру бағдарламалары және мемлекеттің саяси мүдделері үшін нақты анықталуы керек ұстаным. Үшіншіден, патриотизм рухани құбылыс ретінде үлкен моральдық тұрақтылыққа ие. Шынайы және рухани патриотизм Отанға риясыз, жанқиярлықпен қызмет етуді білдіреді. Ол моральдық, әрі саяси принцип, әлеуметтік сезім болды және солай болып қала береді. Оны сақтау өз Отанына деген сүйіспеншіліктен, оған деген адалдықтан, өткені мен бүгіні үшін мақтаныштан, оны қорғауға деген ұмтылысы мен дайындығынан көрінеді. Патриотизм – бұл Отан бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы қалыптасқан күрестің терең сезімдерінің бірі.

Үшінші мыңжылдықтың басындағы патриотизмнің маңыздылығы – бұл жеке тұлғаны, ұжымды, қоғам мен мемлекетті дамытудың қуатты жұмылдыру ресурсы ретінде әрекет етеді. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және рухани саланың, әлеуметтік мұраттар мен құндылықтардың сақталуы мен дамуы сынды жалпы мақсатқа жету үшін әлеуметтік және мемлекеттік даму мәселелерін шешуде азаматтардың күш-қуатын жандандыра түседі.

Қоғамдық сана деңгейінде патриотизм дегеніміз – белгілі бір халықтың бірлігі мен бірегейлігі туралы ұлттық және мемлекеттік идея, ол әр нақты ұлттың дәстүрлері, стереотипі, менталитеті, тарихы мен мәдениеті негізінде қалыптасады. Жеке сана деңгейінде патриотизм

Отанға деген сүйіспеншілік, ел үшін мақтаныш, оны білуге, түсінуге және жақсартуға деген ұмтылыс ретінде қарастырылады. Патриотизмнің тұлға дамуының ажырамас бөлігі ретіндегі маңыздылығына келер болсақ, зерттеуші Н.А. Добролюбовтің пікірінше, «... қатардағы адамда патриотизм – бұл өз елінің пайдасына жұмыс істеуге деген ұмтылыстан басқа ештеңе емес және жақсылық жасауға деген ұмтылыстан басқа ештеңе болмайды» [3, 227 б.]

Патриотизм принциптерін қазіргі қазақ қоғамында бар отанға қызмет етудің мазмұнын ашатын рухани-адамгершілік және идеологиялық талаптардың көрінісі ретінде қарастырамыз. Принциптер отанға қызмет етудің мәніне, қызметкердің мүдделерінің бірлігін қамтамасыз етуге, қызметтік ұжымға, қоғамдағы, мемлекеттегі адамдар арасындағы қатынастардың сипатына қатысты негізгі талаптарды білдіреді, әр адамның іс-әрекетінің жалпы бағытын анықтайды және жеке, нақты мінез-құлық нормаларына негізделеді. Дәл осы тұрғыда олар адамгершілік, мәдениет, патриотизм және азаматтық өлшем ретінде қызмет етеді.

Патриотизм принциптері жалпыға бірдей маңызды, барлық адамдарды қамтиды, әр нақты қоғамның тарихи дамуының ұзақ процесінде құрылған қарым-қатынас мәдениетінің негіздерін бекітеді. Негізгі принциптердің қатарына төмендегілер жатады:

1. *Ұлттық-идеологиялық принциптер:*

– азаматтың санасында, сезімінде, іс-әрекеті мен қарым-қатынасында патриотизмнің басым құндылығы мен жоғары әлеуметтік маңыздылығы;

– қазақстандық патриотизмнің жан-жақтылығы мен бірегейлігі;

– отанға қызмет ету;

– тарихи және этномәдени сабақтастық;

– отанымыздың тарихы үшін мақтаныш.

2. *Қоғамдық-мемлекеттік принциптер:*

– жеке, ұжымдық, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің бірлігі;

– ұлттық, әлеуметтік және этномәдени бірегейлік;

– отандық дәстүрлерді сақтау және молайту;

– адамның азаматтық және патриоттық борышы;

– Отан игілігі үшін қызмет.

3. *Әлеуметтік-педагогикалық принциптер:*

– патриоттық тәрбиенің әлеуметтік мәртебесін арттыру;

– патриоттық мәнмәтіннің бірлігі және патриоттық тәрбиенің проблемалық құрылымдылығы;

– білім беру мақсаттарына тәрбиелік әсердің символдары мен үлгілерінің сәйкестігі.

Патриотизмнің қайнар көздері – бұл аумақтық-тұрмыстық және табиғи-географиялық орта; отанды сезіну, оның алдындағы парызды және оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну; отанмен рухани және материалдық байланыстың болуы, туған жерге деген сүйіспеншілік.

Шағын отанның нақты түрлерінің маңызды жүйелік факторларының бірі – белгілі бір аумаққа, онда тұратын адамдарға деген сезімтал және эмоционалды қатынастың болуы. Сондықтан түсіну процесінде пайда болатын әлеуметтік қатынастар жақын жеке қатынастармен, эмоционалды тереңдікпен, уақыт ұзақтығымен, шағын отан деп аталатын кеңістіктің бірлескен істеріне қатысуға деген ұмтылысымен сипатталады. Өз халқының мұрасын құрметтеу – адамның ішкі мәдениетінің көріністерінің бірі. Патриотизм халықтың жоғары адамгершілік құндылықтарына берілгендігімен көрінеді, рухани-ұлттық принциптерге сүйенеді, ғасырлар бойы өз бастауларын алған және кез-келген халықтың ұлттық өзіндік сана-сезімінің негізін құрайтын жоғары патриоттық идеяларды ұйымдастырушылық қабылдау принциптеріне негізделеді.

Осылайша, патриоттық өзін-өзі тану адамды өзімен, табиғатпен, ұжыммен, қоғаммен және мемлекетпен үйлестіреді және өмірдің жеке философиясын қалыптастырудың, адамның жеке әлеуетін арттырудың, оны дамытудың жаңа жолдарын ашудың негізі болып табылады.

Патриоттық өзіндік сананы қалыптастырудың негізгі құралы – отанға қызмет ету мәселесін өзектендіру.

Үшінші мыңжылдықтың басында Қазақстан азаматының бойындағы патриотизм белгілері оның мазмұнын таңдау мен құрылымдаудың негізі бола алады, ол төмендегідей тұжырымдалуы мүмкін:

– қауымдастық, жиналыс, ұжымдық, бастамашылық пен жауапкершіліктің дәстүрлі ескі дағдыларына негізделген отанға деген сезім (отанмен байланыс сезімі) және оған деген адалдық;

– Отанға деген көзқарас;

– рухани өзін-өзі анықтаудың шығармашылық актісі ретінде Отанға және халыққа деген шексіз сенім мен іс жүзіндегі, практикалық махаббат;

– Отанның өткен тарихындағы батырлық сәттері, оның тарихының тағдыршешті кезеңдері, өз халқының мұраттарына, құндылықтары мен дәстүрлеріне адалдығы, Отан алдындағы парыз сезімі, өз Отанының абыройы мен даңқын қорғауға, сақтауға және арттыруға дайындығы үшін мақтаныш сезімін ояту;

– Отан мүдделеріне қызмет ету (мемлекеттің физикалық, аумақтық, саяси, мәдени тұтастығын қорғау, ұлтты сақтау);

– Отанымыздың және өз халқының тағдыры, олардың болашағы үшін жауапкершілік, өзінің даңқын сақтау және көбейту үшін өз күшін сарп етуге ұмтылу;

– өз елі туралы, әлемдік жүйенің субъектісі, тұтас, түбегейлі өзгермейтін мемлекеттік білім туралы түсінік;

– ізгілік, мейірімділік, жалпыадамзаттық құндылықтар;

– патриотизмнің антиподтарын қабылдамау (сатқындық, тұтынушылық космополитизм, жеке және топтық эгоизм, ксенофобия, ұлттық шектеулер, оқшаулау, шовинизм, өзін-өзі алдау және т.б.) [4, 52 б.].

Қазіргі уақытта ғалымдар патриотизмнің мынадай түрлерін ажыратады: мемлекеттік, жалпыхалықтық, ұлттық-этникалық, азаматтық, жергілікті немесе аймақтық. Олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, олардың әрқайсысы ондағы (патриотизмдегі) ерекше бір нәрсені ашады.

Жоғарыда біз патриотизмнің типологиясын анықтауға деген көзқарастың семантикалық алғышарты халық арасында кең таралған кіші отан, руханият, отанға қызмет ету, отанды қорғау ұғымдары бола алатындығын көрсеттік.

Мемлекеттік патриотизм, ең алдымен, әр адамның, ұжымның және қоғамның біртұтас және жоғары мақсаттарымен байланысты. Мемлекет пен Ұлттық қауіпсіздік мүдделері «тұлға-ұжым–қоғам–мемлекет» жүйесінде басым бастама болып табылады. Мемлекеттік патриотизмнің саяси реттеушілері мемлекет ұғымы, мемлекеттілік болып табылады, ал отандық мәдениетті қолдайтын және дамытатын, ұлттық тәуелсіздік пен мемлекеттік аумақтық тұтастықты қорғайтын негізгі қағидат держава қағидаты болып табылады.

Қазақстандық жалпыхалықтық патриотизм адамның эмоционалды әлемімен көбірек байланысты. Оның рухани-адамгершілік негізі – «Отан» және «Туған жер» ұғымдары. Олар патриотизмнің рухани негізін, халықтың патриоттық тәжірибесінің мазмұнын, оның құндылықтарын ашады. Өз жиынтығында Отан мен туған жер халықты көпұлтты және біртұтас саяси кеңістікте өмір сүретін отбасы ретінде бейнелейді.

Ұлттық-этникалық (орыс, неміс, өзбек және т.б.) патриотизм өзінің этноұлттық мәдениетіне сүйенеді, яғни этникалық және әлеуметтік формалардың рухани үйлесімін сақтайды. Ол Отанға деген сүйіспеншілік сезімін оның этникалық түрінде, ұлттық мақтанышында оятуға, ұлттық сезім мен ұлттық мінездің, дәстүрлердің дамуына ықпал етуге, қоғам өмірінің этномәдени нысандарын құру үшін жоғары адамгершілік жауапкершілік сезімін қалыптастыруға тиіс.

Мысалы, этностық патриотизм Кеңестер Одағы ыдыраған кезеңде айқын байқалды. Ал енді туған жерге деген ыстық ықыласты біздің жастарымыздың «Дипломмен – ауылға», «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты шаралардан байқауымызға болады.

Жергілікті, аймақтық патриотизм қоршаған табиғатқа, өзінің кіші отанына, отбасы мен жақындарына, өз халқының рухани мәдениетіне деген сүйіспеншіліктен көрінеді. Табиғи, тарихи, қандық және тұрмыстық байланыстар ата-бабалары мен өз халқының рухының элементтері ретінде патриоттық махаббаттың нысанасына айналуға тиіс.

Азаматтық патриотизмнің негізінде отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық және құқықтық сана, азаматтық мораль және өз халқының, аймағының, елінің мақтанышы сияқты табиғи инстинкттерді табиғи қолдау жатыр.

Қазіргі заман адамы үшін «ештеңе қасиетті емес», бірақ әдет-ғұрып – бұл адамды өмірде маңызды ортаға тартатын тылсым күш екені жасырын емес [5, 101 б.].

Қазіргі жағдайда патриотизмнің жалған патриотизм сияқты формасын атап өткен жөн. Жалған патриотизмнің себептері:

– жалпы білім беретін оқу орындарында оқушылардың патриоттық тәрбиесінің әлсіреуі;

– жақын және алыс шетелден көшіп келушілер мен маусымдық жұмысшылар арасындағы еңбек нарығындағы бәсекелестік;

– Қазақстанға тікелей әсер еткен халықаралық терроризм мәселесі;

– ондаған жылдар бойы қалыптасқан «кемшілік кешені», шетелдіктерге деген жеккөрушіліктің өршуі;

– ұлттық миф жасау көлеңкелі сезімді тудырумен қатар тәуелсіз Қазақстанның дәуірлеуіне деген сенімді нығайтуға ықпал етпейді.

Бұл себептер кездейсоқ пайда болған жоқ. Олар «қайта құру» кезеңінде пайда болды және либералды интеллигенция қоғамдық санаға қатты әсер еткен «жалпыадамзаттық құндылықтар» айналасындағы идеялардың суррогаты болып табылады.

Жалған патриотизмнің тағы бір бағыты оның мәнін, мазмұнын және ең бастысы сыртқы (нақты) көріністі шамадан тыс ұлттандырумен байланысты. Ол ұлтшыл-патриот деп аталуы да мүмкін. Оның пайда болуы мен дамуы ұлтқа қарсы космополитизмнің агрессивтілігімен байланысты. Оның жақтастары жаһандану жолында елдердің біркелкі дамымауы орын алады, бұл экстремизмнің күшеюіне әкеледі деп санайды.

Ұлттық патриотизм қауіпті, өйткені кейбір жастар оны «шовинизм», «фашизм», «саяси экстремизм», «антисемитизм», «ксенофобия», «басқа халықтарға ұнамау» сияқты ұғымдармен байланыстырады. Ұлтшыл-патриоттардың отанына деген адалдығы мен сенімдері көбінесе оның байырғы, стратегиялық мүдделеріне опасыздық жасаумен ұштасып жататын оқиғалар да за емес.

Демек, патриотизм – бұл Қазақстанның ұлттық сипатының ең жарқын белгілерінің бірі, қазақ патриотизмінің өзіндік ерекшеліктері бар деген қорытынды жасауға болады. Ол дегеніміз – қазақ патриоттық идеясының жоғары гуманистік бағыты; діни төзімділік; ынтымақтастық және заңға бағыну; ортақтық – бұл қазақтардың ұжымдық өмірге деген тұрақты бейімділігі мен қажеттілігі; туған табиғатқа ерекше сүйіспеншілік.

Бірақ патриотизм азаматтың өз мемлекетімен өзара әрекеттесуінің біржақты нысаны бола алмайды. Мемлекет тарапынан патриоттық сананы тиімді қалыптастыру үшін қоғамдық ұйымдар мен институттар арқылы ықпал ету арқылы азаматты идеологиялық өңдеу қажет [6, 27 б.].

Қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейтіні белгілі. Жалпы, патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейді. Өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғам өркендеп, талап күшейіп, талғам артып халыққа қызмет етуде үлкен бір серпіліс болуы қажет. Ғылыми зерттеулерде отансүйгіштік-тің қалыптасуына, оның бағытына байланысты мемлекеттік, этностық және туған жерге деген патриотизм деп жіктеліп жатады. Басқа түрлері туралы да пікірлер жетерлік. Бұл патриотизмнің күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс екендігін көрсетеді. Себебі, ол идея, сезім және іс-әрекет үлгісі ретінде байқалады.

Сондықтан патриотизм идея ретінде қоғамдық санада, үлгі ретінде мәдениетте және белсенді іс-әрекет ретінде саясат пен экономикада көрініс табады.

Патриотизмді қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаламау қоғам мен мемлекет дамуының әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени негіздерінің әлсіреуіне әкеледі. Бұл Қазақстан азаматтарын тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің басымдылығын анықтайды.

Мемлекеттік патриотизмнің айқын көрінісі туралы белгілі саясаткер, АҚШ президенті Джон Кеннедидің американ патриотизмі туралы пікірін мысалға келтіруге болады. Оның «Сен Отаның саған не берді деп сұрама, мен Отаныма не бердім деп сұра» деген қанатты сөзі американдық патриотизмнің мазмұнын ашып көрсете алады [7, 974 б.]. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес.

***Пайдаланылған дереккөздер тізімі***


1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Интернет ресурс: https://adilet.zan. (кіру уақыты: 10.04.2022).
2. Википедия Свободная энциклопедия // Интернет-ресурс: https://ru.wikipedia.org/wiki (кіру күні: 10.04.2022).
3. Добролюбов Н. А. Толық шығармалар жинағы, 3-т. 1986.
4. Быков А.К. Современное состояние и проблемы патриотического воспитания детей и молодежи в Российской Федерации. – М.: Институт семьи и воспитания РАО, 2010. – С. 88-92
5. Упорникова И.В. Человек как проблема в обществе постмодерна // Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2019. - № 3 (60). – С. 119.
6. Colapietro V.M. C.S. Peirce's Rhetorical Turn // Transactions of the Charles S. Peirce Society: A Quarterly Journal in American Philosophy. 2007. – 43 p.
7. Ersoy, A. F., Öztürk, F. (2015). Patriotism as a Citizenship Value: Perceptions of Social Studies Teacher Candidates. Elementary Education Online, 14(3) - 992 p.


**Авторлар туралы ақпарат**


*Абугалиев Қанат Нұртайұлы* – Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институты ІІО тарихын зерттеу орталығының бастығы, ф.ғ.к., полиция полковнигі.

*Шегебаева Айгерім Рысбайқызы* – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

*Абугалиев Қанат Нуртаевич* – начальник Центра по исследованию истории ОВД Научно-исследовательского института Карагандинской академии МВД Республики Казахстан имени Баримбека Бейсенова, к.ф.н., полковник полиции.

*Шегебаева Айгерим Рысбаевна* – доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени М. Есбулатова, доктор философии (PhD), подполковник полиции.

*Abugaliev Kanat Nurtayevich* - head Of the center for the study of the history of internal Affairs Of the research Institute of the Karaganda Academy named after Barimbek Beisenov Ministry of internal Affairs of the Republic of Kazakhstan candidate of philological Sciences, police colonel

*Shegebaeva Aigerim Rysbayevna* - Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov, Doctor of Philosophy (PhD), Police Lieutenant Colonel

# ЖАС МАМАНДАР СӨЗ АЛАДЫ

# СЛОВО МОЛОДЫМ

# THE WORD TO THE YOUNG

УДК 351
МРНТИ 10.17.35

**Б.М. Сейтакова**[1]

[1]Алматинская академия МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова, Алматы, Казахстан

# РОЛЬ РУКОВОДИТЕЛЯ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ ОВД ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ МОРАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ЛИЧНОГО СОСТАВА ПРИ ВЫПОЛНЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЗАДАЧ

В представленной статье обращено внимание на ведущую роль организационной работы руководителя в профессионально-психологической подготовленности сотрудников органов внутренних дел. Выполнение служебных обязанностей в особых условиях может оказывать сильное воздействие на психологическое состояние сотрудника, ввиду которого могут возникнуть внутренние трудности, в последующем влияющие на качество дальнейших действий. Среди основных факторов, оказывающих влияние на риск возникновения морально-психологической неустойчивости сотрудников, выделены семейные и внутриличностные конфликты, материально-бытовые трудности, конфликты в профессиональной сфере, низкий уровень материального благополучия и др. Рассматривается роль психологов в морально-психологическом консультировании, препятствующем развитию профессионального стресса в коллективе. Особую роль в предупреждении профессионального стресса среди сотрудников органов внутренних дел автор статьи считают стиль руководства в служебном коллективе. Основными мерами формирования мотивационной среды для сотрудников, по мнению автора, являются уважение семейных ценностей, проведение досуговых мероприятий. Важным компонентом создания мотивационной среды можно назвать саморегуляцию, которая должна проявляться в наличии у самого сотрудника ОВД мотива на развитие потенциальной надежности. Наиболее эффективными мерами по профилактике риска возникновения профессионального стресса среди сотрудников органов внутренних дел являются улучшение социальных условий труда, дальнейшее повышение уровня заработной платы, организация руководителем выездных мероприятий и др.

**Ключевые слова:** профессиональный стресс, сотрудник органов внутренних дел, руководитель, суицид, психолог, подготовка, надежность, мероприятия.

## Кәсіби-қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін қамтамасыз ету бойынша ІІО құрам басшысының басқару қызметінің рөлі

Ұсынылған мақалада ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық дайындығындағы басшының ұйымдастырушылық жұмысын зерттеу негіздеріне назар аударылды. Ерекше жағдайларда қызметтік міндеттерді орындау қызметкердің психологиялық жағдайына қатты әсер етуі мүмкін, соның салдарынан кейінгі әрекеттердің сапасына әсер ететін ішкі қиындықтар туындауы мүмкін. Қызметкерлердің моральдық-психологиялық тұрақсыздығы қаупіне әсер ететін негізгі факторлардың ішінде отбасылық және ішкі қақтығыстар, материалдық және тұрмыстық қиындықтар, кәсіби саладағы қақтығыстар, материалдық әл-ауқаттың төмен деңгейі және т.б. ерекшеленеді. Ұжымдағы кәсіби стресстің дамуына кедергі келтіретін моральдық-психологиялық кеңес берудегі психологтардың рөлі қарастырылады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында кәсіби стресстің алдын алуда қызметтік ұжымдағы көшбасшылық стилі ерекше рөл атқарады. Қызметкерлер үшін мотивациялық ортаның негізгі шараларының бірі бос уақытты дұрыс өткізуге, отбасылық құндылықтарды құрметтеуге арналған. Мотивациялық ортаны құрудың маңызды құрамдас бөлігі өзін-өзі реттеу болып табылады, ол ІІО қызметкерінде әлеуетті сенімділікті дамыту мотиві болған кезде көрінуі керек. Ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында кәсіптік стресстің пайда болу қаупін алдын-алудың ең тиімді шаралары әлеуметтік еңбек жағдайларын, жалақы деңгейін одан әрі арттыруды, басшының көшпелі іс-шараларды ұйымдастыруын және т. б. қарастырады.

**Түйінді сөздер**: кәсіби күйзеліс, ішкі істер органдарының қызметкері, басшы, суицид, психолог, дайындық, сенімділік, іс-шаралар.

**The role of managerial activity of the head of the subdivisions of the Internal Affairs Bodies (IAB) units to ensure the moral and psychological state of personnel in the performance of professional and service tasks**

The presented article draws attention to the basics of studying the organizational work of the head in the professional-psychological training of employees of internal affairs bodies. The performance of duties under special conditions can have a strong impact on the psychological state of the employee, which can cause internal difficulties that subsequently affect the quality of further actions. Among the main factors influencing the risk of moral and psychological instability of employees are family and intrapersonal conflicts, material and domestic difficulties, conflicts in the professional sphere, low level of material well-being, etc. The role of psychologists considered as providing moral and psychological counseling, preventing the development of professional stress among employees in the team. A special role in the prevention of professional stress among employees of internal affairs bodies allocate style of leadership in the service team. One of the main measures of motivational environment for employees is given to leisure activities, respect for family values. An important component of creating a motivational environment is self-regulation, which should be manifested in the presence of IAB employee's own motivation for the development of potential reliability. The most effective measures to prevent the risk of professional stress among employees of internal affairs bodies are considered social conditions of work, further increase in the level of wages, organization of outreach activities by the head, etc.

**Keywords:** professional stress, internal affairs officer, supervisor, suicide, psychologist, training, reliability, events.

С момента обретения независимости Республики Казахстан система органов внутренних дел претерпела кардинальные реформы: изменились функции и задачи, была модернизирована структура, техническая оснащенность, и в целом взят курс на оптимизацию системы управления. В течение этого времени ведется поиск оптимальных форм и методов управленческой деятельности, затрагивающей организационно-правовые и социально-экономические основы эффективной модели управления в системе органов внутренних дел.

Результаты такого обоснованного подхода положены в основу принимаемых управленческих решений, призванных оказывать соответствующее упорядочивающее и системообразующее воздействие, направленное на обеспечение реализации комплексных управленческих решений в деятельности органов внутренних дел.

Одним из основных факторов достижения поставленных задач является организация отлаженной работы по взаимодействию, выработке функциональной устойчивости и адаптивности сотрудников правоохранительных органов к современным реалиям и предъявляемым требованиям общества. В данном контексте актуализируется проблема укрепления морально-психологического состояния сотрудников ОВД, повышения престижа полицейской службы и др.

Достижение указанных целей связано со многими обстоятельствами: морально-психологическая и профессиональная подготовленность, физическое и психическое состояние здоровья, стрессоустойчивость, межличностные отношения в коллективе, сплоченность, а также ряд других качеств, необходимых для грамотного и рационального формирования современных компетенций сотрудников органов внутренних дел.

Говоря о профессиональных и моральных качествах сотрудника ОВД, следует отметить, что на состояние его полного физического, душевного и социального благополучия могут воздействовать многие неблагоприятные психофизиологические обстоятельства, которые напрямую либо опосредованно способны оказывать влияние на качество выполнения служебных задач и в целом на показатели эффективности профессиональной деятельности сотрудника. Также необходимо обратить внимание на факторы, нарушающие стабильность деятельности сотрудника полиции, в том числе на лиц, состоящих в группе риска по развитию у них синдрома эмоционального выгорания. Проявлениями эмоционального выгорания являются депрессия, чувство усталости, неудачи, потеря мотивации и интереса к работе,

фрустрация, апатия, что приводит к снижению продуктивности профессиональной деятельности, а в некоторых случаях – увольнению из структуры ОВД. Среди сотрудников криминальных служб, органов дознания и следствия, а также в уголовно-исполнительной системы чаще всего наблюдаются процессы собственно-профессиональной деформации, обусловленной непосредственным влиянием криминогенной среды, спецификой служебной деятельности, с работой в условиях повышенного риска экстремальности, непредсказуемости и ответственности.

Умение правильно распоряжаться своими ресурсами в напряженных и конфликтных ситуациях профессиональной деятельности проявляется в способности сотрудников не поддаваться воздействию любых негативных факторов.

Поскольку деятельность сотрудников органов внутренних дел высоко специализирована, и принадлежность к определенному подразделению, как было отмечено выше, накладывает свой отпечаток на психоэмоциональное состояние сотрудников, то и деформация их личности происходит неодинаково. Развитие профессионального выгорания сотрудников негативно отражается не только на личности самих сотрудников, но и на деятельности их подразделений в целом. В связи с этим на руководителя возлагаются ответственные задачи по формированию и обеспечению у подчиненных устойчивости к выполнению функциональных обязанностей, созданию условий для развития интеллекта, повышению информированности и профессионализма в работе.

Обоснованность такого подхода к профессиональной деятельности сотрудников ОВД положена в основу принимаемых управленческих решений, призванных, прежде всего, оказать организующее воздействие в соответствии с направленностью правоохранительной деятельности ОВД.

Нет никаких сомнений в том, что основную роль в принятии любых управленческих решений в коллективе отводится руководителю, определяющему приоритетные стороны продуктивности, слаженности и результативности деятельности личного состава.

Российский ученый К.О. Магомедов отметил, что влияние должностного лица как руководителя на коллектив заключается в стиле управления и зависит от многих объективных и субъективных факторов, которые оказывают влияние на формирование социально-психологического климата при определенных условиях [1, с. 113]. Можно согласиться с утверждением автора, что стиль управления конкретного руководителя зависит как от внешних, так и внутренних факторов, и большое значение следует уделять морально-психологическому аспекту.

Интересна позиция по данному вопросу А.В. Батаршева, который считает, что при принятии кадровых решений психологическая работа состоит из мероприятий по выявлению сотрудников, находящихся в состоянии кризиса, профилактики суицидальных случаев и предупреждения профессионального выгорания личности, мероприятий психологической коррекции с работниками, проявляющими признаки нарушений психической адаптации или утомления, психологической реабилитации этих работников, консультирования их по вопросам психологических аспектов в регулировании бытовых отношений, разрешения межличностных конфликтов и минимизации последствий [2, с. 207].

Реалии современной действительности предъявляют к сотрудникам полиции новые стандарты деятельности, поскольку служба в ОВД относится к числу профессий повышенного риска со значительными психическими и физическими нагрузками. Новый формат полицейского предполагает особые условия соблюдения законности, правил и норм поведения для обеспечения охраны и защиты конституционных прав и свобод граждан. В связи с этим условия и содержание полицейской деятельности влияют на гибкость мышления и способность к быстрой адаптации и саморегуляции сотрудников.

В случаях низкой адаптивности, связанной с пониженной психологической устойчивостью, Д.Я. Райгородский справедливо отметил, что, сталкиваясь при увольнении (зачислении в распоряжение, перемещении) с необычными проблемами, работник часто не может мобилизоваться. Длительный стресс влияет на снижение самооценки, в характере сотрудника могут появиться неуверенность, агрессия, апатия, раздражительность, нарушение сна, может

произойти обострение хронических заболеваний. В некоторых случаях может развиться зависимость, психологические депрессивные состояния. Наступает некий психофизический износ, когда ранее активный и молодой человек вдруг начинает быстро стареть и много болеть [3, с. 145].

В этом случае руководитель подразделения должен успешно противостоять негативному настрою в коллективе, в том числе деструктивному поведению сотрудников, с другой – справедливо и своевременно применять меры по мотивации и поощрению. Совместно со штатными психологами необходимо осуществлять психологическое сопровождение сотрудника в условиях организационно-кадровых изменений, которое должно заключаться не только в индивидуальной работе, но и в составе рабочего коллектива.

